Соңғы онжылдықтарда миграциялық процестерге, саяси жағдайдағы көптеген өзгерістерге қарамастан Қазақстан көпұлтты мемлекет болып қала береді. Сондықтан этносаралық төзімділік пен келісім, бейбітшілік мәселесі республикада аса зор мәнге ие. Ол елдегі саяси тұрақтылықтың негізі, Елбасының және үкіметтің ерекше қамқорлығындағы мәселе болып табылады. Әлемдегі беделді халықаралық ұйымдар Қазақстандағы үйлесімді этносаралық қатынастардың озық тәжірибесін бақылап, зерттеуде.

Кез-келген көпұлтты мемлекетте ұлт саясатының өзіндік ерекшеліктері болады. Сонымен қатар ұлттық мәселені шешуде, ұлтаралық қатынастарды реттеуде тарихи тәжірибе арқылы дәлелденген жолдар мен әдістер бар. Ұлттық қатынастар жүйесінде негізгі, шешуші рольді саяси аспектілер құрайды. Ұлттың өзін-өзі анықтауы, ұлттық және интернационалдық мүдделердің ұштасуы, ұлттар теңдігі, ұлттық тілдер мен ұлттық мәдениеттердің еркін дамуына жағдай жасау, билік жүйесінде ұлттық кадрлардың болуы және басқа да мәселелерде тікелей саяси жүйенің атқарар ролі ерекше. Саяси ұлтаралық қатынастар, сонымен бірге, әр түрлі ұлт өкілдерінің азаматтық құқықтары мен бостандықтарын жүзеге асыруға бағытталған. Түптеп келгенде, саяси ұлтаралық қатынастар өз ролін халықтардың мемлекетаралық қатынастар деңгейінде атқарады. Әңгіме мемлекеттің тәуелсіздігі мен егемендігіне қол жеткізген, өзінің ұлттық мемлекеттігі бар халықтар арасындағы қатынас жөнінде болып отыр. Бұл жағдайда олардың қарым-қатынасы – ұлттық тәуелсіздік пен егемендікті нақты жүзеге асыруға, сонымен қатар олардың экономикалық, саяси және мәдени ынтымақтастығына, бұл мәселелерді шешудің ұтымды жолдары мен тәсілдерін табуға тікелей қатысты.

Ұлттардың рухани тыныс-тіршілігі саласындағы ұлтаралық қатынастар әр ұлттың өмірі мен дамуында маңызды рөл атқарады. Рухани-мәдениет саласын алып қарастырсақ, бұлар халықтардың өзара жетіліп, толысуына әрі олардың ұлттық төл ерекшеліктерін сақтау мен дамытуға бағытталған. Ұлттық рухани игілік сол қоғамда қалыптасқан экономикалық, саяси,

адамгершілік, діни және басқа да қоғамдық қатынастар арқылы дамиды, әдетте, кез-келген ұлт бұлардың әсерін өздерінің бойынан сезінеді және көп жағдайда соларға тәуелді болады. Ол әркелкі халықтардың ұлттық мәдениетінің тығыз байланысуы мен өзара әрекеті арқылы дамиды, сол процесте әлемдік рухани мәдениет қалыптасады. Сонымен қатар ұлттық идеяның, саяси ұстанымның, саяси тәртіптің, саяси мәдениеттің қалыптасуына тарихи қалыптасқан дәстүрлер, әлеуметтік көңіл-күйлер, ұлттар мен халықтардың географиялық және мәдени-тұрмыстық жағдайлары әсер етеді. Өзінің мәні жағынан ұлтаралық қатынастар саяси мәнге ие болады және саяси деңгейде шешіледі [3].

Демократиялық қайта құруларды қолдауда толеранттық (төзімділік) принцип маңызды орын алады.

Толеранттылық қайшылықтарды шешуде тек күш қолданбау тәсілін қолданып қана қоймай, түрлі этномәдени, конфессиялық, әлеуметтік-демографиялық топтар мен қауымдастықтардың күш қолданбау ынтымақтастығын қамтамасыз етумен бірге діни, этникалық, идеологиялық және басқа да төзбеушіліктерге, нәсілшілдік пен шовинизмге қарсы күрес жүргізуі керек [2].

Толеранттылық принциптері декларациясында оның төзушілік немесе келісе салу, немқұрайдылық емес, жекелеген адамдардың, топтардың, және мемлекеттің көрсетуге тиіс белсенді қарым-қатынасы екендігі көрсетіледі. Толеранттылық қатып қалған догмалардан арылуға, ақиқатты абсолюттендіруден аулақ болуға, әркімнің өзінің пікірімен қатар өзгелердің де пікірімен санасу қажеттігіне мүмкіндік береді. Сонымен қатар толеранттылық оған қол сұғу ешбір жағдайда төзімділікке жатпайтын адамдардың әмбебап құқықтары мен бостандықтарының негізінде қалыптасады.

Толеранттық сананың қалыптасуына дүниежүзіндегі әр түрлі халықтардың мәдениеті де әсер етеді және тұлғаның дамуындағы маңызды бағыттардың бірі болып табылады. Ол тұлғаның тіршілік әрекетінің мынандай маңызды салаларын қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.: басқа адамдардың ұлтына, діни сеніміне, жасына қарамастан жағымды қарым-қатынас жасау; әрбір адам өмірінің сөзсіз құндылықтарын мойындай отырып, әр түрлі этностардың және мәдениет өкілдерімен сенімді араласу және т. б.

Қазақстан халықтарының толеранттылық принциптерін қабылдауы мен өмірге енгізуінің негізгі формаларының бірі – ол ұлтаралық келісімді нығайту, этносаралық қарым-қатынас мәдениетін жоғарылату.

Ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тәрбиесіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың бірлігін іске асыру, ең әуелі, әлемдік мәдениет жетістіктерін, жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін меңгеру үшін жағдай туғызуды көздейді. Жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгеру – бұл басқа халықтардың мәдениеттерінде бар және олардың жалпыадамзаттық дамуға қосқан үлесі болып табылатынды құрметтеп, бағалай білу, барша халықтар тудырып, қастерлейтіннің бәрін қорғау, сақтау. Жалпыадамзаттық құндылықтар – бұл адамдардың көпшілігі әлемнің барлық елдеріндегі адамдар ие нақты қоғаммен, я мәдениетпен, не нақты тарихи кезеңмен байланыстырмай-ақ қабылдайтын, әр түрлі халықтардың рухани мақсаттарын, түрлі діндерді, түрлі дәуірлерді жақындастырып, туыстастыратын құндылықтар.

Осылайша тұрғын халықты бір мезгілде, ұлттық өзіндік сәйкестігін қамтамасыз ете отырып, жалпыөркениеттік білімдерге тарту мәселесі алға шығады. Қазақстандықтардың ұлтаралық қарым-қатынас мәдениеті тәрбиесіндегі ұлттық пен жалпыадамзаттықтың бірлігін іске асыру – бұл адамдардың ұлттық сана – сезімін өзінің ұлттық мәдениеті, тілдік ұлттық ортасы негізінде дамыту; бұл ұлттық мәдениет аясындағы мақсатты бағытталған адамдардың интеллектуальдық, өнегелік, эмоциялық дамуы. Өзінің ұлттық тамырларына деген сүйіспеншілік арқылы қазақстандық басқа халықтардың тарихы мен құндылықтарын, олардың мәдениетін құрметтеуге, халықтардың мәдени-тарихи дәстүрлерін, әлеуметтік ортаны зерттеуге, Қазақстан және әлем халықтарының әр түрлі мәдениеттерінің көптүрлілігін, өзара ықпалдастығын түсінуге әкеледі.

Бұған қоса, ұлттық және жалпықазақстандық сана-сезім тәрбиесі халықтың ең алдымен жас ұрпақтың адамзат қауымдастығына өкіл екендігі туралы сана-сезім тәрбиесімен бір мезгілде жүретіндігін айтқан жөн.

Ұлттық қатынастарды саналы реттеу – әр түрлі этностардың мүдделерін үйлестірудің бірден-бір кепілі. Осыған орай туындайтын проблемалар көбінесе мемлекеттік деңгейде шешіледі. Ұлттардың мүдделерін мүмкіндігінше орыластыру, жүйеге келтіру дегеніміз – олардың үйлесімді байланысын дұрыс орнықтыра білу. Мұндайда әрбір ұлттың мүдделері белгілі бір ауқымды деңгейде жүзеге асады. Бірлік – қазақ халқының дәстүрлі дүниетанымындағы маңызды ұғымдардың бірі. Өйткені адам баласының мақсат-мұрат, мүдделері тоғысынан туындайтын бірлік – ел болудың, ұлт болып ұйысып отырудың кепілі.

Сондықтан да қашанда ел ақсақалдары мен ұлт зиялылары елдің бірлігіне ерекше көңіл аударған. Міне, сол бірліктің арқасында халқымыз тарихтың небір қиын өткелдерінде жойылып-жоғалып кетпей, бүгінгі азат күнге жетті.^[4]

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Абсаттаров Р. Саясаттану негіздері. – А : Қарасай баспасы, 2012.
2. Жамбылов Д. Саясаттану. – А : Жеті жарғы баспасы, 2008.
3. Мамедова П. И. Межэтническая толерантность – важнейший ориентир демократизации социально-политической сферы казахстанского общества // Сборник материалов областной научно-практической конференции – Тараз : Издательство «Тараз Университеті», 2011.
4. Назарбаев Н. Ә. ҚР Президентінің халыққа жолдауы, Жаңа он жылдық-жаңа экономикалық өрлеу – Қазақстанның мүмкіндіктері, 29 қаңтар, 2010.

ТИБЕТ: ҚАЗІРГІ ҚЫТАЙДАҒЫ ҚАҚТЫҒЫСТАРДЫҢ ЭТНИКАЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНИ ФАКТОРЛАРЫ

М. А. Омарова

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті,
Алматы қаласы, Қазақстан Республикасы

Summary. The ethnic and religious factor of conflicts of China and problem of independence of Tibet are examined in the article. An analysis is also given to politics of the Chinese government in relation to national minorities, problems of autonomous district of Tibet, doing damage political stability of China

Key words: ethnic conflict; national independence; right of conscience.

Адамзат баласы өркениет дамуының шарықтау деңгейіне жетті десек те, әлемде жер-жерлерде орын алып жатқан қақтығыстар толастар емес. Қақтығыстардың пайда болу себептері түрлі тарихи және әлеуметтік себептермен тікелей байланысты. Қақтығыстар өздерінің ерекшеліктері мен көп түрлілігіне қарамастан, жалпы алғанда, өрбудің ортақ кезеңдерінен құралады. Оларға мүдделер, құндылықтар қайшылықтарының қалыптасуы, қақтығыстың шынайы кезеңге өтуі, қақтығыстық әрекеттердің орын алуы және қақтығыстың шешілу кезеңіне өтуі жатады.

Қытай Халық Республикасы бүгінгі таңда 56 ұлт пен ұлыс мекен еткен көп ұлтты және көп конфессиялы мемлекет болып табылады. Қытайдағы негізгі діндер ретінде буддизмді, даосизмді, исламды, католицизмді және протестан дінін атауға болады. ҚХР азаматтары қандай дінді ұстану мәселесін өздері шешуге құқылы. Толық емес ақпараттарға сәйкес, Қытайда діндарлар

саны 100 млн-нан асады, 85 мыңнан аса ғибадатханалар мен діни рәсімдер өткізетін орындар, 300 мыңға жуық діни қызметкер, 3 мыңнан астам діни ұйымдар, діни ұйымдар құрған 74 діни оқу орны бар. ҚХР Конституциясына сәйкес, ар-ождан бостандығы азаматтардың негізгі саяси еркіндігінің бірі болып табылады. ҚХР Конституциясының 36-бабында: «Қытай Халық Республикасының азаматтары ар-ождан бостандығына ие». «Ешқандай мемлекеттік мекемелерге, қоғамдық ұйымдарға және жеке тұлғаларға органдарға азаматтарды қандай болмасын дінді ұстану немесе ұстанбауға мәжбүрлеу рұқсат етілмейді, сондай-ақ оларды қандай да бір дінді ұстанғаны немесе ұстанбағаны үшін кемсітуге рұқсат берілмейді». «Мемлекет діни қызметтің қалыпты жүзеге асуын қорғайды». «Ешкімге дінді қоғамдық тәртіпті бұзу, азаматтардың денсаулығына зиян келтіру және мемлекеттік білім беру жүйесіне нұқсан келтіру мақсатында қолдануға рұқсат берілмейді». «Діни ұйымдар мен діни істер шетелдік күштерге бағынышты емес», – делінген [1].

Әйтсе де, бүгінгі таңда Қытайда орын алып отыратын қақтығыстарға этникалық және діни факторлар тән. Қытай елінің саяси тұрақтылығы мен тыныштығына нұқсан келтіріп келе жатқан мәселенің бірі – Тибет автономиялы ауданы. Ел ішінде тұрақсыздық пен шиеленістердің тумауы үшін, ұлттық аудандар өмірінің барлық салалары, оның ішінде экономикалық, мәдени, білім беру салаларындағы алға басуды ынталандыру мақсатында аз ұлт өкілдерінің материалдық-мәдени деңгейін көтеру үшін Қытай үкіметі аз ұлттардың діни наным-сенімдеріне құрмет білдіреді. Аз ұлттардың мәдени мұрасы мен фольклорын зерттеу, жинау, реттеу және басып шығару секілді жұмыстарды жүзеге асыра отырып, мемлекет ұлттық аудандарда орналасқан аса маңызды тарихи және мәдени құндылыққа ие храмдар мен монастырьларды және басқа да діни ғимараттарды жөндеуге қыруар қаражат жұмсайды.

Тибеттіктердің басым бөлігі – буддизмнің тибеттік тармағын ұстанатындар. 1951 жылы Тибет бейбіт азат етілген соң, әсіресе реформалар мен ашық есік саясаты жүргізіле бастағаннан бері Тибеттегі ар-ождан бостандығы толыққанды жүзеге аса бастады.

Қытайдың ұлы реформаторы Дэн Сяопин бастаған реформалар саясаты өз нәтижесін ұзақ күттірген жоқ. ҚХР басшылығының жаңа ұстанымы эмиграцияда жүрген Далай-ламаға қатысты да, Тибеттегі жағдайдың түрлі мәселелеріне қатысты да өзгерді. 1977 жылдың мамыр айында Нгапо Нгаван

Джигме барша жұртқа Далай-ламаның Тибетке оралуына болатыны жөнінде жариялады. 1978 жылы Панчен-лама Х Қытай Халықтық саяси-консультативтік кеңесі Тұрақты комитетінің мүшесі болып сайланды. Сол жылдың соңында «мәдени төңкеріс» кезінде сотталған тибеттік шенеуніктердің көпшілігі және 1959 жылғы көтерілістердің мүшелері түрмеден босатылды. Оған қоса ҚХР-ның жаңа үкіметі Тибеттің әлеуметтік-экономикалық саясатында да айрықша ұстанымдар белгіледі. Ауданның спецификасы мен осы аудандағы негізгі этнос ретіндегі тибеттіктердің ерекшеліктерін ескеретін «айрықша» саяси бағыт қалпына келтірілді [2, с. 177].

Соңғы кездері дүниежүзілік жұртшылықтың Тибетке және оның діни-саяси мәселелеріне деген қызығушылығы жылдан жылға артуда. Ресми түрде Қытай үкіметінің Тибетке қатысты саясаты демократияшыл болып көрінгенмен, іс жүзінде олай болмады. 1994 жылы Тибет бойынша Үшінші жұмыс форумы тибет буддизмі мен мәдениетін социализмге бейімдеу және монастырьларға үкімет бақылауын күшейту мақсатымен оларды реформалау міндетін өзіне жүктеді. 1996 жылдың 5 сәуірінде «Тибет дейле» газетінде «Далайдың ыдыратушы күштерінің ықпалын жоюды» талап еткен «Патриоттық қайта тәрбиелеу» кампаниясын бастау туралы әйгілі ұран тасталды. Содан соң 1996 жылдың 23 шілдесінде Тибет автономиялы ауданы компартиясының сол кездегі хатшысы Чен Куйян Лхасада өткен митингте «Рухани өркениет» науқанының басталғандығы жөнінде және оның негізгі соққысы Тибетке тиетіндігі жөнінде жариялады. Адам құқығы мен демократия жөніндегі Тибет орталығының мәліметі бойынша, 1996–1997 жж. 165 тұтқынға алу, 2800-ден аса монастырьдан қуылу оқиғасы тіркелсе, 1998 жылы 327 тұтқынға алу, 7156 монастырьдан қуылу, 1999 жылы 42 тұтқынға алу, 1432 монастырьдан қуылу оқиғалары тіркелген. 1998 жылдың наурыз айында Тибет автономиялы ауданы компартиясы хатшысының орынбасары Райдидің мәлімдесеі бойынша, «патриоттық тәрбие арқылы 3500 монах пен 700-ден астам діни ұйымдар жөндеу жұмыстарына ұшыраған» [3].

Қытай үкіметінің осындай қудалаушылық саясатынан кейін Тибет автономиялы ауданында тұрақсыздық тұрақты сипатқа ие болды. Монахтар мен ханьдықтар арасында ұшығып отырған шиеленісті жағдайлар толастамай, Далай-ламаның қуғындалуына қарсылық көрсету тек Тибетте ғана емес, шет елдерде халық наразылығын тудырды. Тибет тәуелсіздігі мәселесі – Қытай

үкіметінің ең күрделі мәселелерінің бірі. Пекин Тибетті Қытай аумағының тарихи бір бөлігі деп санаса, Тибет билігі тәуелсіздік үшін күресін тоқтатар емес.

Тибетке қатысты үкіметке қарсы тәртіпсіздік 2008 жылы орын алған болатын. Қытай басшылығы оларды дайындауда Үндістанның Дхарамсала қаласында орналасқан қудалауда жүрген Тибет үкіметін айыптады. Оның жақтастары ауданның Қытай Халық Республикасының құрамынан шығуын қалайды. Этникалық негізде өршеленген бұл жолғы қақтығыстар өзінің сипаты жағынан азамат соғысына ұқсады. Тәртіпсіздік нәтижесінде ондаған адам қаза тауып, жүздеген адам жарақат алды [4].

2011 жылдың жазында Қытай коммунистік партиясының құрылғанына 90 жыл және Тибеттің Қытайға қосылғанына 60 жыл толу мерекесіне орай шетелдіктерге Тибетке кіруге тыйым салынған болатын. Қытай үкіметі соңғы кездері Тибетте тұрақты сипат алып келе жатқан этникалық және діни қақтығыстарды ұйымдастырушы Далай-лама деп санайды. Бүгінгі Далай-лама өзінің пацифистік, діни және философиялық танымдарын таратып, көп саяхаттайды. Айта кететін жайт, 1989 жылы Далай-ламаға Нобель сыйлығы берілген болатын.

Қорыға айтқанда, ресми Қытай үкіметі Тибет халқының этникалық, діни ерекшеліктерінен, мәдениеті мен тілінен алшақтату арқылы тибеттіктерді дербес ұлт ретіндегі мәртебесінен айыруға тырысып бағуда. Ал Далай-лама бастаған қудалаудағы Тибет үкіметі Тибеттің тәуелсіздігінен үмітін үзбей келеді. Мәмілеге келумен шешіле қоймайтын бұл күрделі де қиын саяси мәселенің шешуі жақын болашақтың еншісінде емес екендігі айдан анық.

Библиографиялық тізім

1. Религия и свобода совести в Китае (Белая книга) // <http://russian.china.org.cn/russian/32958.htm>.
2. Кычанов Е. И., Мельниченко Б. И. История Тибета с древнейших времен до наших дней. – М. : Вост. лит., 2005. – 351 с.
3. Тибет под властью коммунистического Китая. – Химачал Прадеш, 2001. – С. 45–53.
4. Die Welt: Беспорядки в Тибете начались из-за провокации Китая // <http://www.centrasia.ru>.

III. TRADITIONS AND NOVATIONS IN THE SPIRITUAL CULTURE OF REGIONS

ҚАЗАҚ ХАЛҚЫНЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРЛЕРІНДЕГІ АЙМАҚТЫҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Т. А. Еришева, Қ. Бектұрғанов
Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қостанай қаласы, Қазақстан

Summary. In this article distinctive features of traditions and customs of the Kazakh people which were created throughout many centuries are considered. Features of traditions and customs of the North and the South, the West and the East of Kazakhstan are analysed.

Key words: local history; traditions; customs.

Қазақ халқы – салт-дәстүрлерге бай ел. Біздің халқымыз өз ұрпақтарына ғасырдан ғасырға ұлт қасиетін салт-дәстүрмен, өнегені әдет-ғұрыппен, үлгіні жөн-жосықпен, әдепті ырым, тыйыммен тәрбиелеп, ұлағатты ұл, инабатты қыз өсірген [1].

Салт-дәстүр – әр ұлттың, халықтың діні мен сеніміне, тұрмыс-тіршілігіне, ұлттық құрылым ерекшелігіне сәйкес ғасырлар бойы жинақталып, өмірдің өзі туғызған ғұрыптардың жиынтығы, қауым мен қоғамда қалыптасқан мінез-құлықтың үлгілері. Салт-дәстүрдің ел арасындағы тәлімдік, тәрбиелік, халықтық мәні зор. Халықтың атадан балаға көшіп, дамып отыратын тарихи-әлеуметтік, мәдени-тұрмыстық, кәсіптік, салт-сана, мінез-құлық, тәлім-тәрбие және рухани іс-әрекетінің көрінісі дәстүр арқылы танылады. Салт-дәстүр байлығы – мәдениеттің байлығы [2].

Қазақ халқының салт-дәстүрлері Қазақстанның барлық өңірлерінде бірдей емес. Кейбір аймақтарда олардың өзіндік ерекшеліктері бар. Бұл жағдай түрлі себептерге байланысты қалыптасқан. Енді соларға толығырақ тоқталсақ.

Бас тарту – кәде, жиын-той, аста, қонақ күткенде сойылған малдың басын қадірлі адамға сыбағалы, кәделі, сыйлы мүше ретінде тарту. Бас мүшесін дүниенің, жаратылыстың, әлемнің бастаушы күші деген ежелгі наным-сенімге байланысты оны жасы үлкен, сыйлы қонаққа немесе мәртебесі жоғары адамға Бас тарту байырғы ортада ежелден орныққан. Үйтілген қойдың

басын піскен соң мандайынан айқастыра тіліп, табаққа салып әкеліп тарту ырымы қазақ арасында біркелкі атқарылады. Шығыс Қазақстанда мұны бастың жолын ашу деп атайды. Онысы тігінен түскен біздің жол, көлденең түскен сіздің жол дегенді ырымдағаны. Бұл қонаққа жасаған құрметтің белгісі болып табылады. Қазақ арасында қой басының құйқасын тілуді қасқалдақтау деп те атайды. Айқас тілу немесе қасқалдақтау (қас таңбасы) ұқыптылықты қажет етеді. Яғни қасқалдақтағанда бас сүйегі құйқа арасынан ырсыып көрінбеуі тиіс. Бас тартудың аймақтық ерекшеліктері қалыптасқан. Сырдың төменгі ағысы бойындағы Қазалы өңірінде, Арал бойында қазақтар қонаққа бас тартқанда оң жақ құлағын кесіп алып, оны үйдің кішкене баласына береді де, қонаққа оң құлақсыз тартады. Бұл ырысым, несібем өз үйімде, өз босағамда қалсын дегенді ырымдағаны. Бұл жоралғы көршілес қарақалпақтарда да дәл солай атқарылады және этномәдени байланыс барысында олардың Қазалы өңіріне ықпалы болғанға ұқсайды. Оң құлақтың орнын жілік толтырады. Солтүстік, Орталық және Оңтүстік, Батыс қазақтарында қандай малдың басы болса да, тісі қағылмаған бас тарту «арам» деп саналады. Ал Жетісу, Шығыс қазақтары мал басының тісін қақпай, арасын шимен мұқият тазалап жуып асады. Осы өлкенің қазақтары бас тартылған қонақ тісіне қарап, «жас мал сойылды ма, кәрі мал сойылды ма, соны аңғарады» деп түсіндіреді және малдың тісін қағу, жалпы сүйек шағу мал басын кемітеді деп санайды [3, 45 б.]

Батыс Қазақстанның халқы 22-Наурыз, Ұлыстың Ұлы күнін басқа өңірлерге қарағанда өзгеше тойлайды. Еліміздің батыс өңірлерінде бұл мереке ертерек басталады. Осы мерекеге орай 14-наурыздан бастап көрісу дәстүрі басталады. Көрісу – Батыс Қазақстан аймағында ғана сақталған ежелгі дәстүр. Жаңа жылды Байбақты Қазыбек күнтізбесі бойынша қарсы алатын аймақ тұрғындары 14 наурызды «*Көрісу (яғни қауышу) күні*» деп те атайды. Қыс ызғары кетіп, көктемнің шуағымен бірге келетін бұл дәстүрдің адамзат үшін маңызы зор екендігіне дау жоқ. Бұл күні ауыл балалары мен жастары үй-үйді аралап, жасы үлкендерге барып қол алысып көріседі, тәтті тағамнан дәм татады, қарттардың батасын алады. Осы күні көшеде, мектепте, қай жерде болсын кездескен ауыл тұрғындары бір-біріне қос қолын ұсынып көріседі. «Бір жасқа шығуыңмен!», «Бір жасқа есеюіңмен!», «Жасың құтты болсын!», «Жасыңа жас қосылып, ғұмырың ұзақ болғай!», «Осы жылға аман-есен жетуіңмен!» деп құттықтап жатады. Әр үй 14-наурызда бар дәмдісін шығарып, жеті шелпегін

пісіріп, дастарқан жайып отырады. Наурыздық жасап, ата-баба рухына дұға бағыштайды. 14-наурыздан бастап көрісу салты еліміздің батыс аймақтарында, Маңғыстау, Атырау, Батыс Қазақстан, Ақтөбе облыстарында жақсы сақталған. Жасы кішілер үлкендерге барып көріседі, көрші-қолаң, ағайын-туыс бір-біріне құшақ жайып, мерекемен құттықтайды. Бұл күнді «Көрісу күні», «Амал күні», «Жаңа жыл» деп те, «Наурыз» деп те атай береді. Көрісу салты бір күннің аясымен шектеліп қалмай, жыл бойы жалғаса береді. Әлдеқандай себептермен 14-наурыз күні сырт жақта жүріп, көрісе алмаған адам ауылға жолы түскен бойда ақсақалдарға, әжелерге, ағалар мен апаларға, құда-жегжатқа барып көріседі. Қалай десек те, көрісу имандылыққа, жақсылыққа үндейді [3, 130 б.]

Сәлем салу. «Сәлем – сөздің анасы, сөз-сарасы». Қазақ халқының ұғымы бойынша сәлем беру – тәрбиелік пен адамгершілік белгісі. «Ауылдан алты жасар бала келсе, алпыстағы шал келіп сәлем береді» дегендей сәлем беру қалыптасқан ұлттық дәстүріміз. Келіннің жанұядағы қызметі мен әдептілігінің белгісі, ата-енесіне, қайын жұртына деген құрметі мен сәлемі. Беташар кезінен бастап сәлем салу басталады. Сәлемді ата-баба салтымен иіліп немесе тізесін бүгіп салады. Ал сәлемге ие болған адам: – Бақытты бол, балам! – деп ықыласын білдіреді немесе қарт аталар мен аналар жас келіннің маңдайынан иіскеп, бақыт пен берекет тілейді. Жас келін бір үйдің берекесін кіргізетін болашақ ана болғандықтан, ата-ене үйлі-жайлы болып, бала-шағалы болуларына үлестерін қосады. «Жақсы келін – қызындай, жақсы күйеу – ұлындай» деп қазақ даналары бекер айтпаған. Бұл дәстүрдегі аймақтық айырмашылық, солтүстік және орталық өңірлерде Беташарда ғана сәлем салады, бірақ сәлем салу келін болып түскеннен кейін өз жалғасын таппайды. Ата-енесімен амандасқанда, кәдімгі өз әкешешенмен амандасқандай беттерінен сүйіп, құшағына алады. Ал оңтүстік және батыс аймақтарда мүлдем басқаша, бұл аймақта «сәлем салу» келіннің отбасыдағы басты міндеті десек те болады. Келін тек өзінің ата-енесіне сәлем салып қоймайды, ағайын-туысқандарға да сәлем салады [4, 153 б.].

Сандық ашу. Соңғы кездері Қызылорда облысының Арал, Қазалы аудандарында ер адамдар, ақсақалдар қайтыс болғанда «сандық ашатын» салт пайда болды. «Сандық ашу» деген қазақ ғұрпында жоқ, себебі сандықтың кілтін әйел баласы ұстайды, еркек адам ұстамайды. Бұл бастапқыда бір адам өзінің байлығын көрсеткісі келіп, атағын шығарғысы келді ме, содан басталған болуы керек. Енді бір-бірінен қалмай қолданғандықтан таралып

кетті, жасы үлкен ақсақал қайтыс болса, шапан таратылады. Киім алған адам «қабыл болсын», «тие берсін» дегенді айтады. Бұл әбден халықтың қанына сіңіп кеткен салт [3, 219 б].

Қалың мал. Бұл – қазақ болғалы бұлжымаған ежелгі дәстүр. Құда түсу рәсімі келісілген соң дала заңы бойынша күйеу жағы «қалың мал» төлеуге тиіс. Аты айтып тұрғандай, қалыңмалдың құны ертеде малмен есептелген. Ал қазір заманға сай ақшалай есептесетін болды. Бұрындары тұрмысы төмен жандар арасындағы қалыңмал мөлшері 5–6 малмен шектелсе, дәулеттілер арасында 200–1000 жылқы болып белгіленген. Ертеден келе жатқан дәстүр бүгінде кей жерлерде сақталған. Ал солтүстік жерлерде бұл дәстүрді ұстанбайды. «Бұл болашақ жарыңды сатып алумен тең» деген түсінік қалыптастырғандар да бар. Керісінше оңтүстік өңірлерде заманға сай түрленіп келеді. Мұнымен солтүстіктегілер қазақтың салт-дәстүрін ұмытқан деуге болмас. Олар құда түсу, сырға салу, келіннің бетін ашу, қыздың жасауын әзірлеу сияқты дәстүрлерді жасауды естен шығарған емес. Құда түсіп барған екі жақта да қоржын жүреді. Сондай-ақ «ананың ақ сүті» деп берілетін сый-сияпат тағы бар. Солтүстіктегілер қалыңмал беруді баласын саудалағанмен тең деп түсінеді. Ал оңтүстік аймақ халқының аталған дәстүрге көзқарасы мүлдем бөлек. Ұзатылып жатқан қыздың қалыңмалы қанша теңге болғаны тойшылы қауымды қызықтырмай қоймайды [5, 203 б.].

Біз осы ғылыми мақаламызда қазақ халқының кейбір салт дәстүрлерін мысалға ала отырып, салт-дәстүрдің аймақтық ерекшеліктерін көрсеттік. Әрине, барлық салт-дәстүрлерді тізіп шығу мүмкін емес. Біздің басты мақсатымыз қазақ салт-дәстүрлерінің өзіндік аймақтық ерекшеліктерінің бар екенін дәлелдеу болатын. Дана халықтың өзі жасаған осы салт-дәстүрлерді біліп, үйрену және өмірде қолдану – ағайынды адастырмас сара жол.

Әдебиеттер

1. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының тұрмысы мен мәдениеті. – Алматы : Алматыкітап, 2006.
2. Кенжеахметұлы С. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы : Алматыкітап, 2004.
3. Әжіғали С. Е. Қазақ халқының дәстүрлері мен әдет-ғұрыптары. (біртұтастығы мен ерекшелігі) 1 т. – Алматы : Арыс, 2005.
4. Қалиев С., Оразаев М., Смайылова М. Қазақ халқының салт-дәстүрлері. – Алматы : Рауан, 1994.
5. Арғынбаев Х. Қазақ отбасы: (қазақ отбасының кешегісі мен бүгінгісі жайындағы ғылыми зерттеу). – Алматы : Қайнар, 1996.

НОҒАЙЛЫ ДӘУІРІНІҢ ҚАЗАҚ, НОҒАЙ ХАЛЫҚТАРЫНЫҢ РУХАНИ БАЙЛАНЫСЫНЫҢ ҚАЛЫПТАСУЫНДАҒЫ РОЛІ

С. Симбаева

**«Өрлеу» біліктілікті арттыру Ұлттық орталығы»
АҚ филиалы Шығыс Қазақстан облысы бойынша
педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру
институты, Шығыс Қазақстан облысы, Қазақстан**

Summary. The XIV–XVI centuries' the Kazakh, Nogai and Karakalpak poetries were established in the Nogai Orda and in subsequent periods they strictly kept the main national traditions of those times. Research of onomastic names occurred in Nogaily-Kipchak songs, investigation and development of semantics of non-etymologized words makes an opportunity to illuminate lexis of the given languages.

Key words: Kazakh; Nogai and Karakalpak poetries; national traditions; onomastic names.

Еділден Донға дейінгі Кубанның кең даласын, Арал теңізі мен Каспий жағасын, Қырым мен Кавказ арасын ен жайлаған ноғай-қыпшақ ұлыстарының тілі мен қазақ әдеби тілі арасындағы сәйкестіктер мен ортақтықтар болса, олардың арасындағы жалғастық дәстүрдің бар екенін көрсетіп, қазақ әдеби тілін қалыптастырудағы мұның рөлін, оған қандай дәрежеде негіз болғанын ашу маңызды. Бұл – бүгінгі күн талабынан туындап отырған қажеттілік.

XIV–XV ғғ. қазақ поэзиясы Ноғай Ордасында туындап кейінгі дәуірлерде осы дәстүрді ұстанғандықтан, оны сол бірлестікте болған қазіргі ұлттардың өлең-жыр үлгілерімен, ауыз әдебиеті тілімен салыстыра зерттеу әдеби мұраны жан-жақты тануға мүмкіндік береді.

Қазіргі түркі тілдерінен қазақ тілінен басқа қарақалпақ тілінде осы қыпшақ-ноғай элементтері бар. Астана қаласы «Фолиант» баспасынан 2002 жылы жарық көрген «Түркі тілдері» энциклопедиялық басылымда: «Қарақалпақ тілі – қыпшақ тобының қыпшақ-ноғай топшасына жататын түркі тілдерінің бірі. Қарақалпақ тілі туыс үш халық: ноғайлар, қазақтар мен қарақалпақтар бөлініп шыққан Алтын Орда мен Үлкен Ноғай Ордасының құрамында болған қыпшақ тайпаларының арасында қалыптасқан» деген мәлімет берілген. Сонымен қатар, «Алабұғат татарлары (ноғайлар) деп Қалмақ жері Каспий ауданы Ұлан-Холл бекетіндегі Северный қыстағында тұратын салыстырмалы түрде алғанда шағын этникалық топ өкілдерін айтамыз. Ресми құжаттар

мен тарихи әдебиетте бұл топ «көшпенді алабұғат татарлары» деп берілген. Алабұғат татарларының этникалық тобы ноғай, өзбек, түркмен, қазақ, қазан татарлары мен қалмақтар сияқты түрік және монғол тектес этникалық топтардың сіңісуі нәтижесінде қалыптасқан. Алабұғат татарларының этногенезінде ноғай компоненті басым болса керек, олар да өздерін ноғайлар санайды.

Сонымен, алабұғат татарларының тілі түркі тілдерінің қыпшақ тобына жатады» [1, 114 б.] делінген. Міне, осындай деректерге сүйене отырып, бір кездері ноғайлықтар деп есептелген тұтас бір ұлыс өкілдерінің қазіргі таңда әр тектес, бірақ туыстас халықтар құрамында өмір сүріп жатқанына көз жеткіземіз.

Қазақ халқы әр түрлі тайпалық одақтар мен ұлыстардың құрамында болған бір тектес түрік руларынан құралды. Осындай тілі ортақ, әдет, салты ортақ рулардың бір тобы қазақтарға Ноғай Ордасынан қосылды.

«Ноғай», «ноғайлықтар», «Ноғай Ордасы» деген терминдер алғаш рет XVI ғасырдың басында ғана пайда болды. Ноғайлықтар өздерін маңғыт деп, ал өз ұлысын – «Маңғыт жұрты» деп атаған. Оларды көрші халықтар осы атымен білген.

XIII ғасырдың екінші жартысында маңғыттар Алтын Орданың уақытша билеушісі түмен басы Ноғай иелігінің құрамына кіреді. Осыдан барып «Ноғай Ордасы» ұғымы шыққан [2, 188–189 бб.].

Ноғай Ордасының негізгі аумағы Еділ мен Жайықтың арасындағы жазықта, оның орталығы Еділдің төменгі бойында немесе Сарайшық (Жайықта) ауданында болатын. Шығыста ноғайлар Жайықтың сол жағалауы бойында көшіп-қонып жүрді, солтүстік-батыста олардың көшіп-қонып жүрген жерлері Қазанға дейін, оңтүстік-батыста Арал өңірі мен Каспий өңірінің солтүстігіне дейін, ал кейде олар Маңғыстау мен Хорезмге жететін.

Ноғай Ордасын мекендеген тайпалар қазіргі Ставрополь өлкесінде, Дағыстанда, Қарашай-Черкес облысында тұратын ноғай ұлтының, Қырым татарларының, қазақ халқының этникалық құрамына енді. XVI ғасырдың екінші жартысында Қазан және Астрахань хандықтарының Ресейге қосылғанынан кейін, Ноғай Ордасы бірнеше дербес иеліктерге ыдырады, оның ыдырау үрдісінде халықтың бір бөлегі қазақтың Кіші жүзінің құрамына енді.

Ноғайлар Солтүстік Кавказға іргелес далалықтарды, Еділ, Жайық бойларын қоныстанғаны белгілі. Ал қазақтар Еділдің төменгі ағысына дейінгі жерлерді иемденетін. Ноғайлар мен қазақтар аралас-құралас отыра берген; кей ауылдар бірге көшіп те жүрген, кейде қазақ хандары мен ноғай билері қыз алысып,

қыз берісіп тұрған. Ара-тұра жайлау-қыстаулар үшін, олжа үшін соғысып қалып отырғанымен, ноғайлар мен қазақтар біршама тату көршілік құрғанға ұқсайды. Өзара туыс екі Орда – ноғайлар мен қазақтардың бірге көшіп жүрген уағын «қой үстіне боз торғай жұмыртқалаған» алтын заман ретінде бағалайды Шоқан.

Қазақтар мен ноғайлар кейде тіпті жауға бірге аттанатын болған. Екі халықтың этникалық құрамы бірдей-тін де, тіліндегі, салтындағы айырмашылық жоққа тән еді. Сондықтан көңіліне билеушісі жақпаған рулар бір ұлыстан екінші ұлысқа ауысып өте берген. Бұл ағым көбіне қазақтан ноғайға қарай емес, керісінше болған. «Алаштан қазақ тараған, Ноғайлыға қараған, Жауға алдырмай ноғайлар, Бір-біріне жараған, Ноғайдан қазақ бөлініп, Үш жүз болып тараған...» деген жолдар осындай тарихи жағдайлар кезінде айтылса керек.

Жалпы Ноғай Ордасының Қазақ хандықтарының қалыптасуына үлкен әсері болған. Қарақалпақ халқы да осы Орданың құрамына кірген халықтар негізінде пайда болды. Бүгінгі таңда Солтүстік Кавказда осы орда құрамына кірген құмық, балқар, қарашай халықтары тұрады.

Бұл күнде бұрын ноғайлы әдебиеті делініп келген туындылардың көпшілігі қазақ әдебиетінің қорында сақталып, оның төл туындыларына айналып кеткен. Тілдік ерекшеліктері де байқала қоймайды. Мысалы, «Ер Төстік», «Жиренше шешен», «Алдар Көсе» т. б. ертегі, аңыздар мен «Алпамыс», «Қобыланды батыр», «Қамбар батыр», «Ер Тарғын», «Ер Қосай», «Ер Сайын», «Едіге», «Қырымның қырық батыры», «Ер Жабай», «Ер Шора», «Орақ-Мамай» сияқты эпостық жырлар – сол ноғайлы заманының мұралары. Аталған жырлардың негізгі кейіпкерлері – ноғайлыдан шыққан адамдар. Әрбір жыр өз қаһармандарын ноғайлы батыры не ноғайлының атақты адамдары деп танытады.

Ноғайлы дәуіріне жататын қазақ әдебиетінің мол да құнарлы саласы – жыраулар мен ақындар шығармашылығы. Ежелден аттары әйгілі боп келген қазақ жырауларын ел ноғайлы немесе ноғайлыдан шыққан деп аңыздайды. Мысалы, Тоқтамыс хан тұсында өмір сүрген ноғайлының Сұрғылтайұғлы Сыпыра жырау, Жәнібектің тұстасы Асанқайғы мен Жиренше шешендер ноғайлы елінен шыққан. Ел аузында сақталған бір өлеңде: «Тегінде ноғай-қазақ түбіміз бір, Алтай, Ертіс, Оралды қылған дүбір...» делінуі тегін емес. Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулардың қай-қайсысы да ноғайлы елі атынан сөйлеп отырады. Олардың шығармаларында «Ноғайлының ауыр жұрт»,

«Орманбет би өлген күн, он сан ноғай бөлген күн», Шалкиіз «Қара ханға», «Ер Шобан», «Темір биге» толғауларында аталатын тоғыз батырдың бәрі де ноғайлының аты шулы, аруақты ерлері боп баяндалады. Демек, жоғарыда аталған Сыпыра жырау, Асанқайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шалкиіз жыраулар жасаған XIV–XVI ғасырлардағы қазақ поэзиясы түгел дерлік ноғайлы дәуір әдебиетіне жатады.

Ноғайлы эпосы Алтай, монғол, өзбек халықтарында жоқ, Алтын Ордаға қараған Сібір, Кавказ, Қырым ноғайларында, одан қалса батыстық қазақ тайпаларында ғана кездеседі. Онда Алтын Орданың күйреуі, ноғайлының бүлінуі дейтін оқиғалар ғана бар.

XVII ғ. дейін ноғайлар мал баққан көшпелі ел болды. Мал олардың тамағы да, киімі де еді. Сүт, еттен жасалған өнімдер тағам ретінде жұмсалса, мал терілері мен жүнінен киім, аяқ киімдер тігілген. Жер өңдеумен кубандық ноғайлар айналысқан. XIX ғ. екінші жартысынан бастап көрші халықтардың ықпалымен ноғайлар отырықшылдыққа көше бастаған.

Қазақ халқының тұрмысы да ноғайлардікіндей болған, яғни төрт ғасыр бұрын осы екі халықтың тамыры бір, шаруашылығы ұқсас қана болып қоймай, салт-дәстүр, тұрмысы мен мәдениетінде де ұқсастықтар болған, тіпті тілдерінен айтарлықтай ерекшеліктер сезіле қоймайтын [3]. Ноғайлардың дастарханнан үнемі қуырдақ, айран, қаймақ, ірімшік, май сияқты тағамдар орын алса, қазақ халқының да ұлттық сүйікті тағамдары ретінде осыларды атауға болады. Екі халық та ет тағамын қой, сиыр, жылқы еттерінен жасайтын

Киіз басу, тері илеу, одан киім, аяқ киім тігу сияқты кәсіппен екі халық та айналысқан. Қазақ халқы сияқты ноғайлықтар да – бай эпос жанрының иегерлері. Эпикалық поэмалар мен аңыздарда халық батырларының ерлік істері жырланады. Олардың барлығын домбыраның сүйемелдеуімен жыршы, жыраулар айтатын болған. Бұндай эпикалық поэмаларда тарихи оқиғалар кеңінен орын алған, халық басынан өткен шежірелі кезеңдер жырланған. Айтыс өнері де болған. Кең тараған саз аспаптары ретінде домбыра мен қобызды атауға болады. Қазақтардан ерекшелігі сол, оларда малшылардың мүйізден жасалған саз аспаптары болған. Кейбір қазақ ертегілерінде осындай аспап туралы айтылуы да кездейсоқ емес.

Жалпы алғанда, қазақ және ноғай сияқты екі халықтың көптеген аңыздары, батырлар жыры, ертегілері, тұрмысы мен салты бірдей деуге болады. Осы Ноғай Ордасының құрамында

болған рулардан қалған әдеби-мәдени мұралардың барлығы да – екі халыққа бірдей қымбат және ортақ дүниелер.

Айналып келгенде, қыпшақтардың («половецтердің») қазіргі ұрпағы – қазақтар мен ноғайлар. Олар – бір халық. Ноғай фольклоры толығымен қазақ ауыз әдебиетінің құрамына кіреді. Демек, ноғай – қазақтың құрамдас бөлігі [4, 3–4 б.]. Тек ноғай халқының күрделі саяси тағдыры олардың тамаша поэзиясының, салты мен дәстүрінің құлашын кеңге жайып дамуына мүмкіндік бермеді. Сол себепті де қазақ халқына осы бай мұраны меңгеруде, оларды ұрпаққа танытуда зор жауапкершілік жүктеліп отыр.

Пайдаланылған әдебиет

1. Түркі тілдері. Энциклопедия. – Астана : «Фолиант», 2002. – 305 б.
2. Қазақ ССР тарихы. Көне заманнан бүгінге дейін : 5 томдық / Жауапты ред. А. Қойгелдиев. – Алматы : Ғылым, 1983. – 1 т. – 225 б.
3. Капаев С. Қазақ әдебиеті, 25.9.1987.
4. Тәужітов А. Көгенге байланған, ажалға айдалған. Ноғай бауырын жоқтау – қазақ халқына парыз // Түркістан. – 1997. – 20–26 тамыз.

А. БАЙТҰРСЫНҰЛЫНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ОЙ-ПІКІРІ

Н. Н. Елкей

Қостанай мемлекеттік педагогикалық институты,
Қостанай қ., Қазақстан

Summary. The article describes the wealthy heritage of A. Baitursynov. Values of article consist of author conclusion about this problem. The author proved that A. Baitursynov played first and foremost role of self-consciousness waking the Kazakh people, in his unity and cohesion. The work is filled of patriotism's ideas.

Key words: history; publicist; patriotism; educator.

Халқымызда «елдің атын – ер шығарады, ердің атын – ел шығарады» деген қанатты сөз бар. Ел арасында «дала ұстазы» атанған ағартушы Ыбырай Алтынсариннің жарқын педагогтік жолынан бастау алған Ахмет Байтұрсынұлы, Спандияр Көбеев, Мұхамеджан Сералин, Қайнекей Жармағанбетов, Асқар Закарин, Әмір Қанапін, Бекет Өтегілеовтар «қараңғы қазақ көгіне» білім нәрімен жарық шашқан жұлдыздар шоғырын құрады. Олар халыққа оқу – білім үйретуде өлшеусіз еңбек сіңірген, Халық-ағарту ісін жаңа белеске көтерген біртуар тұлғалар еді. Солардың арасынан, Ұлт мектебін қалыптастыруда аянбай еңбек еткен, қазақ әліпшесінің Атасы атанған Ахмет Байтұрсынұлын ерекше атар едім.

Сталиндік репрессия жылдары жазықсыз құрбан болған Ахмет Байтұрсынұлы қазақ халқының ояну дәуірінде өзінің саяси-қоғамдық ой-пікірін білдіре білген, ғұмырының көбін әлемдік мәдениетке өзіндік үлес қосқан арыстың бірі. Қиын қыстау, тар жол тайғақ кешуде, ел тағдырын ойлай жүре, қалың бұқараға ақыл айтып, сыннан өткізіп жіберетін көкірегі ояу, көреген азаматтар қай кезде де болған. Елге аға болу – асқан ақылдылықтың жемісі. Сталиндік зобалаңға ұшыраған ұлдарын да халқымыз ұмытпай, ұрпағына солардың қадір-қасиетін сыбырлап жүріп-ақ ұқтырған.

Дана бабамыз өзінің шығармалары арқылы ұлт тағдырының келешегі туралы орынды қозғайды. Оны біз ақынның мына бір шумақ өлеңінен анық аңғарамыз:

Тән көмілер, көмілмес еткен ісім,
Ойлайтұғын мен емес бір күнгісін.
Жұрт ұқпаса, ұқпасын, өкінбеймін,
Ел бір күншіл, менікі ертеңгі үшін!

Ұлы ағартушының артына қалдырған мол мұрасы келешек ұрпақ үшін бір төбе. Оның жазған әрбір шығармаларында терең мағыналы мән, философиялық ой жатыр.

Ол қалдырған мұраны таразылай, сараптай, талдай келе айтарымыз – Ахаң айналыспаған саясаттың да ғылымның да саласы жоқ. Білім беру ісін жолға қою, бұхара халықтың саяси сауаттылығын ашу, қазақ тілін ғылыми тұрғыдан зерттеу, әдебиет саласындағы пайымдауы, мемлекеттік құрылыс жөніндегі пікірлері осы күнге дейін өзінің өзектілігін жойған жоқ.

Ахмет Байтұрсынұлы тарих ғылымына арнап шығарма жазбаса да көсем-сөздік мақалаларының бірінде *«Сөздің ең ұлысы, ең сипаттысы – тарих»*, – деп, оған үлкен баға береді [1, 28 б.]. Тарихты жасайтын – халық. Тарихтың күнделікті қоғам өмірінде алатын орнын, онда болып жатқан түрлі оқиғаларды насихаттауда – баспасөздің алатын орны ерекше. ХХ ғасырда қазақ қоғамында зор рөл атқарған тарихи «Айқап», «Қазақстан», «Қазақ» газеттері болды. Соңғы аталған «Қазақ» газетінің тарихы, оның ұйымдастырылуы ағартушы Ахмет Байтұрсынұлының есемімен тығыз байланысты. Бұл газеттерде сол заманғы халық өмірі, тарихи оқиғалар, қоғамдық ой-пікірлер жан-жақты жазылып келді.

1913 жылдан Қазақстандағы азаттық қозғалысының «Қазақ» газетінің қызметіне байланысты жаңа кезеңі басталады. Газет

Орынборда басылып, алғашқыда 3 мың данамен шықты. Бұл ол уақыт үшін тіптен көп таралым еді [2, 162 б.].

Оның редакторы А. Байтұрсынов болып, төңірегіне дарынды қазақ журналистері мен жазушыларының тұтас бір саңлақ тобы жиналды. Олардың арасында Ә. Бөкейханов, М. Дулатов, М. Жұмабаев, Ж. Аймауытов, Х. Досмұхамедов және басқалар бар. Оппозициялық газет бола отырып «Қазақ» қазақ халқының ұлттық сана-сезімін оятуға аз үлес қосқан жоқ, өз дәуірінің көкейкесті мәселелерін көтерді, ағартушылық идеяларын насихаттады, қозғалыстың және болашақ «Алаш» партиясының баспа органы болды. Жарияланымдардың отаршылдыққа қарсы сипаты өкімет органдарының наразылығын туғызды. 1913–1916 жылдардың өн бойында газет 26 рет жабылды, ал А. Байтұрсыновтың өзі әлде-неше мәрте тұтқындалды [2, 163 б.].

«Озғандарға жету керек, жеткендерден озу керек» деп, алдына нақты мақсат қойып жарыққа шыққан «Қазақ» газеті ұлтты Алаш ұранына топтастырып, дамытуды ойлады. Ағартушылықтың жан-жақты болуын жақтады. «Миллэттің» қазаққа түсінікті «жұрт», «ұлт», «алаш» нұсқаларын актив қолданысқа түсірді. Түрік ұлыстарының көзсіз тіртұтастануы емес жеке-дара мықты болып, ортақ мүдде бойынша бірігуін қолдады. Осы орайда, А. Байтұрсынұлының сөзімен айтқанда: «Өз тілімен сөйлескен, өз тілімен жазған жұрттың ұлттығы еш уақытта адамы құрымай жоғалмайды», – деген тоқтамға келді. Газет шығысымен, Петербордан С. Жанайдарұлы, Б. Есімханұлы, Ы. Оразалыұлы, Ғ. Жұмабекұлы, М. Поштайұлы, М. Шоқай (барлығы 6 адам) атынан жолданған хатта: «Қазақта қаламменен жәрдем беретұғын мұсылманша оқыған құрбыларымыз бір нәрсе жазғанда, басқа араб, парсы, ноғай қандастарымыздың тілдерін орынсыз көп кірістірмей, өзіміздің қазақтың нағыз қара тілімен жазып тұрса», – деп айтылған өгініш – осы басылымның негізгі ұстанымы болды [3, 42 б.]. Осы бір дерек арқылы біз Ұлт көсемдерінің сол қиынқыстау күндер де отаршылдық азабын тарта жүрсе де қазақ тілінің жай-күйін алға тартып отырғандығын айқын аңғарамыз. Ал, сол данышпан бабаларымыздан бастау алып, «айта-айта жауыр» болған тіл мәселесі ол кезді былай қойғанда, қазіргі Тәуелсіздік алған шақта да өз шешімін таба алмай келе жатқандығы ақиқат.

Бәле-жала отына күйіп, кесапат күйе жағылып, ұзақ жылдар шыңырау түбіне тасталып, уақыт құмы тұншықтырған Аханның мол мұрасы қайта құру қуатымен тіріліп, бүгінгі ұрпаққа жол тартты. Оның тағдыры – қиын, бірақ кісі қызығарлық тағдыр.

Ғұмыры – ащы арманға толы, алайда адамға өнеге боларлық ғұмыр. Біз енді ғана таныса бастадық, әлі танып болғанымыз жоқ.

Қалайда халықты ояту, оның санасына, жүрегіне, сезіміне әсер ету жолдарын іздеген ақын айналып келгенде, ұлы Абай тапқан соқпақ, орыс әдебиеті үлгілерін пайдалану, аударма жасау дәстүріне мойынсынады. Бұрынғы ескі-ертегі, химия үлгілері емес, енді жаңа өлеңдік форма мысал арқылы, көшпелі елдің жақсы білетін стихиясы – жан-жануар өмірінен алынған шығармалар арқылы әлеуметтік ойға ықпал ету мақсатымен И. А. Крылов туындыларын аударып, «Қырық мысал» деген атпен 1909 жылы Петербургтен бастырып шығарды.

Бір жағынан қызықты форма, екінші жағынан ұғымды идея, үшінші жағынан, қазақ тұрмысына ет-жақын суреттер ұласа келіп, бұл өлеңдерді халықтың төл дүниесіндей етіп жіберді. Алуан-алуан ойға жетелейтін «Қайырымды түлкі», «Ала қойлар», «Үлес», «Қартайған арыстан», «Өгіз бен бақа», «Қайыршы мен қыдыр», «Ат пен есек» мысалдарында әлеуметтік-қоғамдық жағдайларды мегзейтін оқиғалар, адамдар психологиясымен сарындас әуездер, тағылымды, ғибратты тұжырымдар мол орын алған. Аудармашы негізгі түпнұсқа тексіне орайластырып, көркем ойға ой, суретке сурет қосып, пікірді ұштап, жаңа сарын – әуез қосып отырады [4, 7 б.].

Бұрын емеурін, ишара, мегзеу, астар, мысалмен берілген ойлар «Маса» кітабында ашық, анық, дәлді, нақты айтылады. Мұнда Ахметтің өз басынан кешкен қиын-қыстау күндер, ауыр жолдар, қуғын-сүргін, жетімдік-жоқтық, бірталай өлеңдерге арқау болады; ел тағдыры, халық қамы, бостандық арманы – басты сарын.

«Маса» кітабына енген өлеңдерде жеке бастың мұң-шері, тұрмыс-салт суреті емес, негізінен әлеуметтік, қоғамдық ойлар, азаматтық идеялар айтылады. Өзін-өзі күйттеген, байлық үшін, мансап үшін ар-абыройын сатқан «жақсылығы өз басынан артылмаған», «бос бел-беу, босаң туған бозбала», «бір тойғанын ар қылмаған шалдар», «қайырсыз кеңе сараң байлар», «мәз болып құр түймеге жарқылдаған оқығандар» сыналады. «Туысыма», «Досыма хат», «Қазақ қалпы», «Қазақ салты», «Көк есектерге», «Жұрттыма», «Қарқаралы қаласына» өлеңдерінде ұлы Абай сатирасын еске түсіретін сарындар, ойлар, образдар бар. «Анама хат», «Жауға түскен жан сөзі» – қорлық-зомбылыққа мойымаған, бостандық, еркіндік жолында бәріне көнген қайратты ерлер тұлғасын мүсіндеген жырлар [4, 7 б.].

Сонымен, аса ірі халық қайраткері, ағартушы-ұстаз, ғұлама ғалым, көрнекті ақын, жалынды публицист, қазақ тілі білімі мен әдебиеттану ғылымының негізін салушы ірі түрколог, этнограф, ғажайып сыншы, композитор-музыкант екенін енді танып отырған бабамыздың күреске толы өмірі мен мол мұрасына там-тұмдап үнілген сайын оның қуатты тұлғасы зорайып, еңсесі биіктеп бара жатқанға ұқсайды.

Қорыта келгенде, осы мақаламды академик Манаш Қабашұлы Қозыбаевтың қазақ тарихын кезеңдестірудегі «Отаршылдық бұғауында» атты ҮІІ-ші тарихи белесіндегі: «ХІХ ғ. екінші жартысы – ХХ ғ. бірінші ширегінде Шоқан, Абай, Ыбырай озық елдер қатарынан қалыспауға, білімге шақырса, Әлихан Бөкейхан, Ахмет Байтұрсын, Міржақып Дулат, Әлихан Ермек, Жақып Ақпай, Мұстафа Шоқай, Мұхамеджан Тынышпай, Мағжан Жұмабай, Мұхамеджан Сералы сияқты Алаштың туын көтерген реформатор ұлдар ұлттың санасын оятты, елім деп еңіреді, халық деп қайысты, құрығы ұзын ақ патшамен де, билікке таласқан дауекес большевиктермен де сайысты. Демократиялық күрес әдісімен саяси және мәдени автономия үшін күресті. Ғасыр басында «Көзіңді аш, оян, қазақ, көтер басты» – деп басаталатын Міржақып Дулаттың «Оян қазағы» күрес әліппесіне айналды.

Сол шақта қазақ халқының ұлы перзенттерінің бірі Ахмет Байтұрсынның:

Қазағым елім!
Қайқайып белің,
Сынуға тұр таянып,
Талауда малың,
Қамауда жаның.

Аш көзіңді оянып! – деген жалынды үндеуі түйсігі бар қазақты дүр сілкіндірді. Халық алдында, Алаш алдында ары таза жандар, ерен еңбегі бар қаһармандар осылардай-ақ болар!» [5, 6 б] – деген құдіретті сөздерімен аяқтағанды жөн көрдім.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Күзембайұлы А., Әбіл Е. Ахмет Байтұрсынұлы және тарихтану теориясы // Қазақ тарихы. – № 4. шілде – тамыз 2007 ж.
2. Назарбаев Н. Ә. Тарих толқынында. – Алматы : Атамұра, 1999. – 296 б.
3. Қамзабекұлы Д. «Айқап» және «Қазақ»: азаматтық ұстаным мен елдік мүдде // Ақиқат. – № 2. – 2008 ж.
4. Қожахметұлы Ж. Ахмет Байтұрсынұлының шығармалары // Қазақ. – № 52 (461), 25 желтоқсан 2009 ж.
5. Қозыбаев М. Қ. Ата тарихы туралы сыр (қазақ халқының тағдыры хақында) // Егемен Қазақстан. – № 228–229, 3 қазан 1992 ж.

ӨЗ ЗАМАНЫНЫҢ ЖАҢАШЫЛ ҰСТАЗЫ – КСРО ХАЛЫҚ МҰҒАЛІМІ ҚҰМАШ НҰРҒАЛИЕВ

Р. С. Чекетаева

«БАҰО «Өрлеу» АҚ Шығыс Қазақстан облысы бойынша
педагог қызметкерлердің біліктілігін арттыру
институты, Өскемен қ., Қазақстан Республикасы

Summary. The life and the activity of the national teacher Kumash Nuraliev are considered in this article.

Key words: teacher; author's school; professional heritage.

КСРО Халық мұғалімі, ардақты азамат, ұстаз Қ. Нұрғалиев тірі болса 88 жасқа келер еді. Оның атқарған қызметіне, халқына сіңірген еңбегіне қараймын да таң қаламын. Тарих атты теңізге терең үнілсек одан алар үлгі жетерлік.

Қ. Нұрғалиев 1925 жылдың 29-шы қазанында Қазақстан Республикасы Шығыс Қазақстан облысы бұрынғы Марқакөл, қазіргі Күршім ауданындағы Бұғымүйіз қыстауында дүниеге келді. Ол найманнан тарайды. Катон-Қарағай ауданындағы С. Торайғыров атындағы Шыңғыстай орта мектебінде білім алған.

1940 жылы ЛКЖО, яғни комсомол қатарына қабылданып, Ле (Үшінші бесжылдық) ұжымшар комсомол ұйымының жетекшісі етіп сайланды. Құмаш Нұрғалиев 1943 жылы 26 мамырда өз еркімен Бұғымүйіз ауылынан әскер қатарына шақырылып, 1943 жылдың 1-маусымында майданға аттанды. Кеңес Одағының батыры А. Матросов атындағы атқыштар полкінде Отан қорғады. 1944 жылдың күзінде Риганы азат егудегі Ауце қалашығы үшін болған шайқаста Қ. Нұрғалиев ауыр жараланды. Ерен шыдамдылығымен, қайтпас қайсарлығымен өлімді жеңуге берік бел байлап, 12 күрделі оталарға төтеп берді. Ол госпитальда болған уақытта 9–10 сыныптар бағдарламаларын толық өтіп, экстернат түрінде емтихандар тапсырып аяқтады. 1945 жылдың 22-тамызынан 18-желтоқсанына дейін коммуналдық кәсіпорындар бухгалтері курсына үздік оқып, куәлік алды. 1946 жылдың қоңыр күзінде протезбен екі балдаққа сүйеніп туған еліне оралды.

Туған жерге оралған ол әлемдегі ең құрметті де жауапты мамандық-ұстаздық жолына түсті. 1946 жылғы қыркүйекте Сармөңке жеті жылдық мектебінде орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі болып тағайындалды. 1948 жылы шілде айында Сармөңке мектебіне оқу ісінің меңгерушісі етіп тағайындалды. 1949 жылы 6-қыркүйекте Сармөңкеге мектеп директоры болып

тағайындалды. XX ғасырдың 40-жылдарының сонында ҚазПИ-дің тарих факультетіне түскен ол, 1950 жылдан бастап тарих пәнінен сабақ бере бастады.

1948 жылы партия қатарына өткен Құмаш Нұрғалиев «Пограничник» ұжымшарының бастауыш партия ұйымы хатшысының орынбасары, одан кейін бірден хатшысы болып тағайындалады. 1955–1957 жж Теректі ауылындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі. Ол 1957 жылы 3-ші тамызда халыққа білім беру бөлімінің № 145 бұйрығы бойынша Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөлдегі Боран кеңшарындағы орта мектепке директор және тарихшы мұғалім ретінде жіберілді, кейіннен өзінің саналы ғұмырын өмірінің соңғы минуттарына дейін осы мектепке бағыштайды.

Осы жылдары оқу-тәрбие жұмысында қол жеткен зор табыстарын ескере отырып, Қазақ ССР Министрлер Кеңесінің қаулысымен 18-мамыр 1965 жылы № 379 бұйрығы бойынша, мектепке В. И. Ленин аты берілді. 1972 жылы бұрынғы мектептің қатарында сәулетті зәулім мектеп үйі тұрғызылды. Енді бұл мектеп өз заманына сай мектеп – жалпы ауданы 8 000 шаршы метр, 960 орындық кешенге айналды. «Біздің мектеп – үлкен мектеп. Мыңға жуық оқушысы бар. Мектеп өзінің территориясы жағынан Ватикан мемлекетінің территориясынан қомақтырақ», – деп мектебін мақтан тұтатын Қ. Нұрғалиев.

«Менің ауылдық балаларымның қалалықтар сияқты техникалық негізде оқуға құқы бар», – деген Қ. Нұрғалиев. Әрбір пән кабинетіне телефон және дыбыстық аппараттар орнатылды. 1983 жылы 1-қыркүйекте теледидарлық орталық пайдалануға берілді, 1988 жылы мамыр айында Құмаш Нұрғалиұлы біздің өлкеде тұңғыш рет мектепке «Ямаха» компьютер сыныптарын жеткізу мәселесімен шұғылданды. Алыстағы ауылда, Шығыс Қазақстан облысындағы Марқакөл ауданының Боран ауылында, облыс орталығынан 500 шақырымдай қашықтағы елді мекенде, елдің шығыстағы шекарасында Қ. Нұрғалиев ауыл мектебінің авторлық үлгісін құрды.

1975 жылы мектеп КСРО Бүкілодақтық Ауыл шаруашылық көрмесіне қатысып ІІ-орын алды, ал 1980 жылы Қазақ КСР Ауыл шаруашылығының қола медаліне және ІІІ-орынға ие болды. Құмаш Нұрғалиұлы Әскери Қызыл Ту, Отан соғысының бірінші дәрежелі орденімен, Еңбек Қызыл Ту, Ленин ордендерімен, бес медальмен марапатталды, «Қазақ КСР Халық ағарту ісінің үздігі», «КСРО ағарту ісінің үздігі» белгілеріне, 1965 жылы фашистік германияны жеңудің 20 жылдығы құрметіне және

еңбектегі табысқа ие болғаны үшін, 1966 жылы жас ұрпақты тәрбиелеудегі ерен еңбегі үшін Жоғарғы Кеңесінің Құрмет грамоталарына ие болды, 1985 жылы Қазақ КСР Жоғарғы Кеңесі президиумының төрағасы С. Мұқашев оны 60 жасқа толған мерейтойымен құттықтап, жастарды тәрбиелеудегі еңбегі үшін Құрмет грамотасымен мадақтады. 1984, 1987 жылдары Қазақ КСР Оқу министрі Қ. Б. Балахметов оны еңбегі үшін Құрмет грамотасымен мадақтады. «Қазақ КСР-ның еңбегі сіңген мұғалімі», 1986 жылы педагогикалық қызмет саласындағы еңбегі үшін «Қазақстан Ленин комсомолы сыйлығының лауреаты» атанды. 1981 жылы «КСРО Халық мұғалімі» атағын иемденген Құмаш Нұрғалиев еді. Осының барлығы оның ерен еңбегінің жемісі.

«Ұстаз борышы», «Сұңқар бол сен де жас ұрпақ», «Оқу мен еңбекті ұштастырып, «Рагим детей для счастья», «Наш семидесятый учебный год», «Мы тверды за мир!» деген мақалалары тек оқу-ағарту ісіне ғана арналған жоқ, онда сол кездегі қоғамдық өмір, саясат, көкейкесті мәселелер де қаралған.

XX ғасырдың 90 жылдарына дейін Боран орта мектебі В. И. Ленин атында еді. Сол жылдары жер сілкінісінің зардаптарын жою шараларын қолдану мақсатымен келген Республиканың Білім министрі Шайсұлтан Шаяхметов мектепке келгенде: «Лениннің бізге өкпесі жоқ. Бұл ауылдың, осы мектептің жер бетінде бар екенін білген де емес. Осыны қолымен жасаған Құмаш Нұрғалиев атымен атауға лайық», – деген екен. Мектептің ауласына ұстаздың бюсті қойылған. Оның қабылдау бөлмесі мұражайға айналдырылған. Құмаш Нұрғалиев өмірден кеткеннен кейін ол басқарған мектеп «КСРО Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиевтің мектеп-гимназиясы» атты авторлық мәртебесіне ие болды.

Қ. Нұрғалиевтің тұлғалылығы мойындалғаны ол кісі туралы көзі тірісінде «Өлімді жеңген өмір», «Құмаштың мектебі» атты екі кітап жазылып, «Комсомольский билет», «Здравствуй солнце», «Учитель», «Открытый урок» т. б. бірнеше деректі фильмдер түсірілгендігі дәлел. Айталық ұстаздың 1995 жылы 70 жылдық және 2005 жылы 80 жылдық мерейтойын республикалық көлемде өткізіп, «Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің жаңашыл шығармашылығының педагогикалық ойға әсері» атты ғылыми-практикалық конференция өткізілді.

Еліне паналы қорған болғандардың өнегелі өмірлерін еске алу, оларды болашақ ұрпаққа жарқырата үлгі ету біздің парызымыз. Сондықтан КСРО Халық мұғалімі Қ. Нұрғалиевтің есімі мәңгі жадымызда.

Әдебиеттер тізімі

1. Советский энциклопедический словарь. – 4-е изд. – М. : Советская энциклопедия, 1986. – 904 с; Казахская ССР. Краткая энциклопедия. – Алматы, 1989. – Т. 3. – 598 с.
2. Қазақстан Ұлттық энциклопедиясы. – Алматы : «Қазақстан энциклопедиясы» Бас редакциясы, 2005. – 7 т. – 728 б.
3. Қазақтың тәлімдік ойлар антологиясы. – Алматы : Сөздік-словарь баспасы, 2009. – 6 т. – 400 б.
4. Халық мұғалімі Құмаш Нұрғалиұлы. Педагогикалық әулеті. – Алматы : МерСал, 2005. – 336 б.

РУХАНИ – АДАМГЕРШІЛІК ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДАҒЫ ХАЛЫҚТЫҚ ПЕДАГОГИКАНЫҢ РӨЛІ

С. А. Жумашева

Батыс Қазақстан инженерлік-технологиялық колледжі,
Орал қаласы, Қазақстан

Summary. The article is about the role of traditional pedagogy in the spiritual and moral education.

Key words: spiritual and moral education; folk pedagogy.

Рухани-адамгершілік қасиеттерді дамыту үшін балалардың бойына кішкентай кезінен бастап ең маңызды адамдық сапаларды, жалпыадамзаттық құндылықтарды қалыптастыру қажет.

Абай – ұлттың атасы, халықтың рухани әкесі: «Адамзаттың бәрін сүй, бауырым деп және хақ жолы осы деп әділетті» – деген асыл қасиетті қастерлеумен бұл дүниеден өтті. Осы қасиетті оны «халқына қамқор, ұлтына жанашыр болумен қатар, күллі адамзатқа мейірбан гуманистік өреге көтеріп, әлемдік сана деңгейіне жетеледі.

Рухани бай адам ең алдымен ең әділ, мейірімді және қанағатшыл болады. Барлық болашақ ұрпақ рухани бай болсын десек, білім саласындағы, тәрбие жұмысындағы жіберген олқылықтарымыздың орнын толтыратын уақыт жеткен сияқты.

Тұлғаның бай руханилық санасы – өмірдің мәнін сезінуге, өзінің өмірдегі орнын табуға, өз тағдырын халықтың тағдырымен ортақ деп түсінуге, жақын адамдарының алдындағы жауапкершілігін сезінуге, өзінің жеке басына тән азаматтық және адамгершілік парызын орындауға сара жол ашады.

Жас ұрпаққа рухани тәрбие, білім беру адам дамуының рухани үйлесімділігін, өмірдің құндылықтарын түсінуге, өзін

қоршаған ортамен үйлесімдікте ұстай білуге, жердегі сақтау үшін өзінің қажеттігін түсінуді қамтамасыз етуге әкеледі [1, 5–6 б].

Рухани тәрбие адамның ізгілік ұстанымдарын тұлға бойына сіңіреді. Жеке тұлғаның ақыл-ойы мен іс-әрекеттерін жүрек арқылы ізгілік мұраттарға бағыттап, өмір даналығын түсінуге рухани көзқарас қалыптастырады. Жас ұрпақ бойына жалпыадамзаттық құндылықтарды (руханилық, адамгершілік, қайырымдылық т. б) сіңіру – тәрбиенің басты мақсаттарының бірі. Жоғары ізгілік мұраттарының ең құндысы – руханилық. Өзін-өзі жетілдіретін тұлға үнемі ізгілік ұстанымдарын өз бойына шындап жетілдіруге ұмтылады.

«Халықтың тұрмыс – тіршілігіндегі рухани тәжірибелері арқылы қалыптасқан тәрбиелік және дүниетанымдық құралдарын біз халық педагогикасы дейміз. Халық педагогикасы – халықтың мәдени мұрасы. ...Халық педагогикасы ұлттық әдебиет пен ұлттың салт-дәстүрінен құралады.» – деп жазады Ә. Табылды. Қазақтың ауыз әдебиеті құндылықтарын құрайтын: ертегі, аңыз – әңгімелерінде, айтыс өнерінде, терме толғауларында, бесік жырларында, мақал-мәтелдерінде, ел тағдыры, келер ұрпақ қамы, адамгершілік, ар-мәселелері жан-жақты сөз болып, сол арқылы жастарды имандылық пен тәлім тәрбиеге баулу көзделген. Ақыл-ой, ұзақ жылдар қоршаған орта болмысын қабылдау тәжірибесінен, көру, білу, жүрекпен сезіну арқылы алған әсерді үнемі ой елегінен өткізіп, сарапқа салып отыру және ол түйінді өмір-тіршілікте қолдану мәселесі қазақ тәлім-тәрбиесінің бірден-бір басты мақсаты болғаны сөзсіз. Ақыл-ойдың қадір қасиетін бағалай білген, көпті көрген қариялар, данышпан ақсақалдар, ұрпақ тәрбиесінде сол қасиетті дарытуға ұмтылған. Адамгершілік-имандылық тәлімі – қазақ отбасындағы тәрбиелік қағидалардың бірі. «Үлкенге құрмет, кішіге ізет» деген қағидадан бастау алатын адамгершілік тәрбиенің мазмұн мәні – жас ұрпақты қоғамдық, әлеуметтік қатынастарға дайындау және енгізу. Ұрпағын адамгершілікке, имандылыққа, қарапайымдылыққа ізгілікке баулу мәселесі халық педагогикасының асыл арнасы мақал-мәтелдерде айтылатын: «Жауға жаныңды берсеңде, жолдасыңды берме», «Алдыңа келсе, атаңның құнын кеш», т.с.с асыл сөздерде көрініс береді. Терең ойды топшылап өткен Асан Қайғы жастарды туған жер, өскен ел, ағайын-жұрт қадірін бағалауға, халық қамын ойлауды адамгершіліктің үлкен парызы екенін түсінуге шақырады [1, 7–9 б].

Адамгершілік тәлімі туралы Абайдай аса шыншылдықпен толық қамтып әдеби бейнелеген ғұламаны табу қиын. Ақыл-ой,

адамгершілік, еңбек, тән тәрбиесі, эстетикалық талғам, отбасының тәрбие мәселелері, ерік пен жігерлі мінезді, зиялылық, халықтық мұратқа сай сезімдерді қалыптастыру – Абай поэзиясы мен қарасөздеріндегі тәлімдік идеялардың басты өзегі. Абайдың тұжырымдауынша, баланы жастайынан көркемдікке баулуды үлкендер неғұрлым ертерек ойластыруы қажет, өйткені бесіктегі нәрестенің өзі ананың әлдіі, құлағына жеткен ән-күйдің әуезді үні арқылы әсемдіктен хабардар болып жатады [2, 18–20 б].

Келер ұрпақты шыдамдылыққа, төзімділікке, қажырлылыққа тәрбиелеуде шешендер мен ақындардың ел ағасы болған адамдарға арналған толғауларының тәлімдік маңызы зор. Ер азаматтың ерлігін, елін сүюшілік сияқты адамгершілік ұлы қасиеттерін, қастерлеу, халыққа мағлұм ету, сол арқылы оның өнегелі істерін ел-жұртқа, ағайын-туысқа, арттағы жас ұрпаққа үлгі өнеге етіп ұсыну – қазақ тәлімінің маңызды бір көрінісі. Халықтық педагогиканы зерттеуші ғалым – педагог С. Қалиев ұрпақ тәрбиесіндегі «... ежелден қалыптасқан халқымыздың жақсы дәстүрлері мен тағлымдарын, парасаттылығы мен көрегендігін, мәдениет тарихын, ойшылдары мен ағартушыларының қалдырған рухани мұраларын оқып үйренбей тұрып, келер ұрпаққа дұрыс тәлім-тәрбие беру мүмкін емес» деп тұжырымдайды. Ұлттық әдеби өнер туындылары оқушы бойында рухани-адамгершілік құндылықтарының қалыптасуында өзіндік ықпалын тигізеді.

Қазақ халқы қашанда уақыт талабына сай «жан–жақты жетілген адам» тұлғасын қалыптастырудағы тәрбие тәжірибесіндегі өз идеясын айна қатесіз құра білді. Оны біз ата-бабаның жан мен тән тәрбиесін өзара үйлесімділікте қарастыра отырып, «сегіз қырлы, бір сырлы ұрпақ тәрбиесін» мақсат еткен қағидалы тұжырымын талдап, зерделеу арқылы негіздей аламыз. Жеке тұлғаның іс-әрекеті мен тұрмыс-тіршілігін сипаттайтын, өмірлік ұстанымының беріктігін анықтайтын, адамзатқа, қоғамға, идеологияға, саясатқа, имандылыққа, білімге, ғылымға, өнерге қатысты өзі терең түсініп қабылдаған және өзінің әс-әрекетін, тұрмыс-тіршілігін солардың негізінде құрған идеялардың жиынтығына сенім де тұлғаның дүниетанымын кеңейте түседі. Ерік-жігері сенімі қалыптасқан жағдайдасол армандарына жету жолында әрекеттер жасайды. Осы әрекеттердің барысында өзінің мақсат еткен идеясына байланысты адамда құндылықтар дүниесі қалыптасады.

Қазақ қоғамының өмір сүру салтында рухани құндылықтарды жоғары бағалау, өскелең ұрпақты соған баулау дәстүрге айналған. Олай болса жеке тұлғаның рухани – адамгершілік

құндылығын оның сүйіспеншілік, қайырымдылық, мейірімділік, жанашырлық, әділеттік, шығармашылық, еркіндік, борыш сезімдеріне, шығармашылық мүмкіндіктеріне негізделген, ішкі жан дүниесінің көрініс табуы деуге болады [3, 59–61 б].

«Жалпақ әлемді ауызына қарату үшін рухани ерлік, жалпақ әлеміне қысылмай, қымтырылмай қарау үшін рухани байлық керек» – дейді қазіргі заманның ірі қоғам қайраткері Ө. Кекілбаев.

Олай болса, қазіргі жаңашылдық даму үрдісінде, елу елдің қатарына, қысылмай, қиналмай кіру үшін рухани-адамгершілігі мол ұрпақ қажет. Рухани адамгершілік тәрбиесі құнсызданса, қоғамның дағдарыста болғаны. Демек, қазіргідей еліміздің әлемдік даму деңгейіне сатылай өтіп жатқан кезеңде қоғам мен мемлекет өзін таныған, түсінігі мол, ұлтын сүйегін, қоғамдық еңбегі мен кәсібі, дағдысы, іскерлік негіздері қалыптасқан рухани сау ұрпақ қажет.

Әдебиеттер тізімі

1. Жарықбаев Қ., Қалиев С. Қазақтың тәлімдік ой-пікірлер антологиясы. – А. : Рауан, 1994, 1998.
2. Мұқанова Ж. О. Қазақ әдебиеті құндылықтары – ұлттық тәлім – тәрбиенің асыл арнасы // Қазақстан кәсіпкері. – 2006. – № 8. – 18–20 б.
3. Сарсеменова А. Б. Рухани-адамгершілік және жалпыадамзаттық құндылықтарды тәрбиелеу // Білім. – 2010. – № 3. – 59–61 б.

БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ДҮНИЕТАНЫМЫН ҚАЛЫПТАСТЫРУДА ӨҢІРЛІК КОМПОНЕНТТІҢ ПЕДАГОГИКАЛЫҚ МҮМКІНДІКТЕРІ

А. Б. Пірманова, А. Р. Умирсерикова
№ 101 орта мектеп, Қызылорда қаласы, Қазақстан

Summary. This article examines the relevance of implementation and systematization use in teaching and educational process of the regional component. Pedagogical conditions for the implementation of the regional component of learning is reflected in the policy documents of the Republic of Kazakhstan. Using the regional component of the learning process in primary school teaching, favorable conditions for active personality approach.

Key words: regional component; elementary school; shaping the worldview; personality activity approach; creativity.

Қазақстан Республикасында білім беру жүйесінде жүргізіліп жатқан өзгерістердің басымдық алуы мемлекет дамуындағы ұзақ мерзімге межелеген мақсаттарға жету бағытындағы қоғамдық даму заңдылықтарынан туындайды. Сондықтан да жалпы орта

мектептің білім беру мазмұнында болып жатқан өзгерістер оқу-тәрбие үдерісін жетілдіру талаптарын қояды. Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың Мемлекеттік бағдарламасында: «...Бастауыш мектептің бағдарламасы баланың жеке тұлғасын қалыптастыруға, оның жеке қабілетін ашуға және дамытуға бағытталған... І сатыдағы оқыту мен тәрбиелеу оқу қызметінде негізгі мектептің білім беру бағдарламаларын кейіннен игеру үшін мыналарды: оқу, жазу, есептеудің тиянақты дағдыларын, қарапайым тілдік қарым-қатынас тәжірибесін, шығармашылықпен өзін-өзі көрсетуді, мінез-құлық мәдениетін, жеке гигиенасы және салауатты өмір салтының негіздерін қалыптастыруға бағдарланған», – деп көрсетілген [1]. Бұл міндеттерді жүзеге асыру үшін бастауыш мектепте білім беруді тұлғалық-бағдарлы тұрғыда жетілдіру қажет екендігі айқындалды. Ал тұлғалық-бағдарлы дамыта оқыту тұрғысынан шығармашылық іс-әрекеті қалыптасқан тұлға тәрбиелеу негізделді.

Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңында «Білім беру жүйесінің басты міндеттерінің бірі: жеке адамның шығармашылық, рухани және күш қуат мүмкіндіктерін дамыту, адамгершілік пен салауатты өмір салтының берік негіздерін қалыптастыру, даралықты дамыту үшін жағдай жасау арқылы ой-өрісін байыту» қажеттілігі атап көрсетілген [2]. Осы міндетке сәйкес бастауыш сынып оқушыларының шығармашылық қабілетін қалыптастыру үшін мұғалім белсенділігі, кәсіби шығармашылық ізденісі, оқушыларының жас және психо физиологиялық ерекшелігімен қатар тұлғалық қызығушылығын диагностикалай білуі маңызды болмақ. Қазақстан Республикасының 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасында бастауыш мектептің негізгі міндеті: «Баланың жеке басын бастапқы қалыптастыруды қамтамасыз ету, оның қабілеттерін анықтау және дамыту» – делінген [3]. Осы міндетті шешудің негізгі жолы бастауыш сынып оқушыларының тұлғалық бағдарлы шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру қазақстандық патриотизм идеясының басымдылығы болып табылады. Бұл өз кезегінде жалпы орта білім беруде педагогикалық үдерісті отаншылдық рухта тұлғалық-бағдарлы тұрғыда ұйымдастыруды қажет етеді.

Бастауыш мектеп оқушыларының шығармашылық іс-әрекетін отаншылдық рухта қалыптастырудың жетекші идеясы тұлғалық іс-әрекет арқылы жүзеге асырылады. Отаншылдық рухты бойына дарыту іс-әрекеті өңірлік компоненттің толыққанды білім мен тәрбие

беру үдерісіне енгізу мақсатында тұлғалық табысқа бағдарлау психологиясын оңтайландыруға педагогикалық жағдай жасалып, өскелең ұрпақты елі мен жеріне қызмет жасау қабілеттілік мүмкіндіктерін ойлауына түрткі болатындай шығармашылық жағдай туғызу оқушының өзіндік дүниетанымдық түрткісін құрайды. Бастауып сынып оқушысының отаншылдық рухында шығармашылық қабілетінің, қиялының, ойлауының даму мүмкіншіліктерін күшейтетін педагогикалық түрткілерді баланың интеллектуалдық мүмкіндігімен ұштастыра келе, оқушының өлкетану дүниетанымын өздігінен кеңейтуге талпыныс жасау арқылы тұлғалық-танымдық белсенділігі, өлкетану ақпаратын түрлі сипатта қабылдай білуі, зейінділігі, тапқырлығы, ойының ұшқырлығы, шығармашылықпен жаңа нәтижеге жетуінен көріне алатын арнайы педагогикалық жағдайларды жасау мүмкіндігі ескеріледі.

Өңірлік компоненттің бастауып сынып оқушысының отаншылдық рухында шығармашылық қабілетін қалыптастыруда тұлғалық іс-әрекетін белгілі бір нәтижеге жету үшін әлеуметтік факторларына байланысты екендігімен, оның шығармашылық іс-әрекетке түсу қажеттілігі, түрткісі, қызығушылығы, танымдық белсенділігі, іс-әрекетінің нәтижелілігімен, жаңа нәтижеге жетуімен яғни тұлғаның әлеуметтенуімен сипатталды. Білім беру үдерісінің инновациялық педагогикалық әлеуметтік сипаты арқылы оқушылардың шығармашылық іс-әрекетін қалыптастыру деңгейлі тұлғалық-бағдарлы білім берудің қажеттігі оқу-тәрбие үдерісін шығармашылықпен сабақтастықта ұйымдастыруды жүйелі түрде жүзеге асырылу жұмысын жандандырып, ізденімпаз, табысты шығармашылыққа бейім тұлғаны қалыптастыруға мүмкіндік жасау қажеттігі негізделеді. Ақпараттық білім мазмұны ғылыми ізденімпаздық сипатын өлкетану бағдарламасымен байланыстыру арқылы оқушының қазақстандық патриотизм рухында тәрбиеленуге, өзіндік даму траекториясын «Менің Отаным, менің елім, менің жерім» санасын қалыптастырудың педагогикалық мүмкіндігі ерекше. Мысалы, Ә. Тәжібаевтың, А. Тоқмағамбетовтың шығармаларының оқу бағдарламасындағы педагогикалық мақсаты оқушыларды еңбекқорлық пен шыдамдылыққа, төзімділік пен адалдыққа тәрбиелесе, лексикалық және стилистикалық талдау жұмысы оқушының әдеби сөздік қорын кеңейтуге бағдарланған. Мұғалімнің кәсіби құзіреттілігі негізінде әдеби шығарманың педагогикалық ұсынылымын интерактивті технологиялар жүйесін пайдалану арқылы қамтамасыз етіле алатыны практикалық қолданыс ая-

сында айқындалды. Бастауыш мектептен бастап оқушының отаншылдық дүниетанымын қалыптастыруда жергілікті ақын жазушылар мен ғалымдардың, соғыс және еңбек ардагерлерінің өнегелік жолдарының тәрбиелік мазмұнын талдау арқылы шығармашылық қабілеттілігін дамуын қамтамасыз ету мүмкіндігі жүзеге асырыла алады.

Пайдаланған әдебиеттер

1. Қазақстан Республикасы «Білім» мемлекеттік бағдарламасы. – Астана, 2002.
2. Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңы. – Алматы : Литера, 2000.
3. Қазақстан Республикасының білім беруді дамытудың 2015 жылға дейінгі білім беруді дамыту тұжырымдамасы // Жоғары мектеп. – 2004. – № 1.
4. Омарова Р. С. Білім берудің жаңа парадигмасы жағдайында оқушылардың шығармашылық қызығушылығын қалыптастырудың дидактикалық негіздері : дис. ... п. ғ. д. – Түркістан, 2008. – 324.

АКТИВИЗАЦИЯ САМОСТОЯТЕЛЬНОЙ РАБОТЫ НА УРОКАХ РУССКОГО ЯЗЫКА ПУТЁМ ВНЕДРЕНИЯ РЕГИОНАЛЬНОГО КОМПОНЕНТА ОБУЧЕНИЯ

С. Ш. Шаймаханова, А. Ж. Омарбекова, А. Б. Абсадыкова
Школа-гимназия № 9, г. Кызылорда, Казахстан

Summary. The paper discusses the organization of independent work on extracurricular activities in the Russian language. Using a regional component of Russian language lessons provide an opportunity for bilingualism. Interactive methods and innovative technologies ensure success of students.

Key words: activation in dependent work; system of practical exercises; regional component; leveling microgroups; develop bilingualism.

В современных условиях системы казахстанского образования для активизации процесса обучения русскому языку учащиеся казахской школы разработаны и предлагаются к применению системы практических упражнений, такие как практические упражнения в навыках, самостоятельное обдумывание, повторение и закрепление материала на основе текстов регионального компонента обучения. Однако всё это не может быть полностью обеспечено только односторонним действием учителя. Здесь необходимо наладить обратную связь системы «учитель-ученик». Особенность данной системы заключается в том, что на основе коммуникативных образовательно-воспитательных упражнений учитель создаёт благоприятное психолого-педагогическое

условие для выявления и формирования индивидуальных качеств личности учащегося. Самостоятельная работа ученика на уроках русского языка должна обеспечить качества знаниевой парадигмы. На необходимость активизации самостоятельной работы учащихся указано в программных документах МОН РК об образовании. Активизация самостоятельной работы на уроке русского языка даёт возможность учителю установить, во-первых, разобрались ли учащиеся в изложенном материале, во-вторых, что ими усвоено слабо, что надо ещё разъяснить и повторить.

Использование регионального компонента в процессе развития коммуникативных навыков казахско-русского языков способствует формированию научно-творческой субъектной деятельности, которая возможна при активизации самостоятельной работы по внеклассной работе по русскому языку. При выполнении заданий по адаптированным текстам регионального компонента самостоятельная работа помогает учащимся закреплять грамматический материал, систематизировать навыки рече-мыслительной деятельности, а также воспитывает нравственно-патриотическую и гражданскую позицию личности. Выполняя задания по адаптированным текстам регионального компонента, учащиеся не только закрепляют свои знания, полученные на уроке, но и привыкают приобретать новые и совершенствовать полученные индивидуальным путём.

Роль самостоятельной работы по адаптированным текстам регионального компонента при обучении грамматике русского языка огромна. Правильно организованная самостоятельная работа по адаптированным текстам регионального компонента имеет определённое практическое значение, которое выражается в приведении в стройную систему лексических единиц путём применения к нему определённых грамматических правил. Без грамматических знаний ученик казахской школы может овладеть в той или иной мере русским языком практически, но его устная и письменная речь будет постоянно изобиловать ошибками и искажениями. Самостоятельное выполнение заданий по адаптированным текстам регионального компонента служит тренировкой в применении практических навыков в письменной и устной русской речи. На практике нами было выявлено следующее:

- 1) активизируя самостоятельную работу на уроках русского языка, учитель должен иметь в виду, что задание не должно разрастаться до размера, который непосилен для выполнения учащимися;
- 2) небольшое по объёму самостоятельная работа не даёт надлежащего результата в развитии коммуникативных навыков,

особенно в тех школах, где под влиянием окружающей среды учащиеся используют русский язык только на уроке русского языка;

3) всякая самостоятельная работа должна базироваться на хорошо усвоенном учащимися грамматическом материале, значение всех слов задания должно быть понятно учащимся, просты по содержанию и доступны для понимания.

Из сказанного вытекает, что выполнение самостоятельной работы по русскому языку требует значительного времени. Поэтому учителю необходимо тщательно продумывать содержание и объём самостоятельной работы, добиваясь того, чтобы учащиеся при наименьшей затрате времени и сил достигли наибольших результатов.

Основное содержание и вид самостоятельной работы по адаптированным текстам регионального компонента определяется, прежде всего, содержанием цели и задачами урока русского языка. При разработке самостоятельных заданий учитель определяет уровень и степень для самостоятельности, помня при этом, что ни в коем случае нельзя давать усложненные задания, пути и способы которых учащимися не усвоен в классе. Например, ученик не сможет написать рецензию на прочитанный публицистический текст «Кызылорда – первая столица Казахстана», если учитель не проведет разъяснительный урок по теме «Стиль речи. Тип речи».

Самостоятельная работа будет успешна при условии, если учащиеся дифференцированно привлекутся к творческой работе по изучению учебно-теоретического материала на примере регионального компонента. С целью использования интерактивных методов обучения на внеклассной работе по русскому языку мы разработали систему упражнений и задания на тему «Жизнь и творчество А. Токмагамбетова», где учащиеся были разделены на уровневые микрогруппы. В первую микрогруппу вошли учащиеся, умеющие самостоятельно разобрать лексико-грамматические задания и написать творческие работы по теме, во вторую микрогруппу вошли учащиеся, которые могут выполнить лексико-грамматические задания и составить реферативный текст, используя дополнительную литературу, в третьей микрогруппе – учащиеся, которые требуют контроля и участие учителя. Учитывая программный материал русского языка, учебный текст был адаптирован для создания научно-поисковой работы на русском языке. При выполнении самостоятельной работы ученики распознали А. Токмагамбетова не только с позиции писателя, поэта, драматурга, переводчика, общественного деятеля, но изучая

его биографию, нашли яркие события личной жизни связанные с историей Кызылорды и Казахстана.

На материале творчества А. Токмагамбетова учащиеся подготовили литературно-поэтический вечер, что послужило развитию навыков выразительного чтения стихотворений, подготовили слайд-шоу «Кызылорда и Аскар Токмагамбетов», где ученики смогли проявить навыки самостоятельной работы с информационно-коммуникативными технологиями и умения устного выступления перед аудиторией на русском языке.

Хотелось бы обратить внимание на то, что в практике методики преподавания русского языка в казахской школе самостоятельная работа объясняется включением дополнительных творческих элементов, что немаловажно является ключевым фактором формирования и развития двуязычия.

Библиографический список

1. Бабанский Ю. К. Оптимизация процесса обучения. Общедидактический аспект. – М. : Знание, 1999. – 254 с.
2. Беспалько В. П. Интенсификация процесса обучения. – М. : Знание, 2004. – 2 изд. – 108 с.
3. Давыдов В. В. Проблемы развивающего обучения. – М. : Педагогика, 2001. – 210 с.
4. Лернер И. Я. Учебные умения и их функции в процессе обучения. – М. : Педагогика, 1994. – С. 78.

МӘТІНДЕР – КӘСІБИ-БАҒДАРЛЫ ҚАЗАҚ ТІЛІН ОҚЫТУДЫҢ НЕГІЗІ

Б. А. Омарова

**Казахский национальный университет
им. аль-Фараби, г. Алматы, Казахстан**

Summary. In this article the author examines the texts as the basis of professionally-oriented learning the Kazakh language. Offers a series of exercises aimed at the formation of speech activity. Relying on the data of modern advanced methods of teaching Kazakh language for text allow scientifically determine the content of the work on the development of coherent speech.

Key words: vocational-oriented education; communicative activities; information culture; socio-cultural aspect; perception of the text.

Ақпараттық технологиялар барынша дамыған бүгінгі таңда ақпаратпен жұмыс істеудің маңызы өте зор. Әсіресе ол кәсіби қызметтің ажырамас бөлшегіне айналған. Шетсіз-шексіз

ақпараттар толқынында адасып кетпей, дұрыс бағытта алға жылжу үшін бүгінгі маманға ақпараттық мәдениет қажет. Жоғары деңгейлі ақпараттық мәдениеті бар, өз саласындағы құжаттар ағынының ерекшеліктерін жақсы білетін маман ақпараттың әртүрлі көздерімен жұмыс істей алады, ақпарат алмасу арқылы оны жүйелеп, түсіндіре алады. Сөйтіп, мемлекеттік тілді жақсы меңгеріп, білікті маман иесі болып шығады. ЖОО-ларда кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқытуды студенттерге әлеуметтік және кәсіби маңызды ақпаратты жеткізудің, өзінің болашақ кәсіби қызметінде қазақ тіліндегі деректерді қолдану дағдысын қалыптастырудың құралы ретінде қарастырған жөн. Осылайша студенттердің, яғни болашақ мамандардың үздіксіз білім алуын қамтамасыз ету керек. Бұл міндеттер кәсіби-бағдарлы қазақ тілін оқыту арқылы жүзеге аспақ. Қазақ тілін кәсіби-бағдарлы бағытта оқыту студенттердің нақты кәсіби, іскери, ғылыми салалар мен жағдаяттарда кәсіби ойлау ерекшеліктерін ескере отырып, мемлекеттік тілде қарым-қатынас жасай білу қабілетін дамытуды көздейді. Яғни, студент өзінің болашақ мамандығы ерекшеліктерін басшылыққа ала отырып, мемлекеттік тілді меңгереді. Болашақ мамандық тілін меңгеруде бүгінде кәсіби мәтіндерді оқуға ерекше көңіл бөлініп жүр. Оқылым әрекеті арқылы студент болашақта өзінің кәсіби білімін толықтырып, жетілдіріп отырады, сөйтіп, тілдік қиыншылықтарға, ақпараттық мәдениеттің жетіспеушілігіне ұрынбайды.

Кәсіби-бағдарлы оқытудың негізгі міндеттерінің бірі – студенттің коммуникативтік дағдысын дамыту, яғни қарым-қатынас жасау шеберлігін қалыптастыру. Әсіресе ауызша қатынас жасауға көбірек көңіл бөлінетіні белгілі. Кәсіби-бағдарлы бағытта қазақ тілінде сөйлеу әрекетін қолдану арқылы болашақ маманның тілін дамытып, ой-өрісін кеңейтеміз. Ал бұл әрекетті, ең алдымен, жазбаша мәтіндер арқылы жүзеге асыруға болады.

Мәтіндер – бұл кез келген тілді үйретудің негізі десек, қателеспейміз. Әсіресе сөйлеу дағдысын қалыптастыруда мәтіндердің рөлі ерекше. Осы орайда зерттеушілердің көпшілігі мәтіндердің коммуникативтік маңызына баса назар аударады. Мәселен, Ф. В. Чичерина: «С учетом параметров коммуникативной ситуации (адресант, адресат, сообщение/текст, сопутствующие обстоятельства) текст детерминируется как коммуникативно-самостоятельная единица, обладающая определенными коммуникативными свойствами», – десе [3], Б. М. Джандар: «Являясь целостным и законченным по содержанию и по форме речевым произведением, текст представляет определенную тему и акт об-

пения, содержит изучаемый лексико-грамматический материал, служит образцом речевой коммуникации носителей языка и, как известно, конечная цель обучения иностранному языку – творческое владение речью и способность творчески подходить к восприятию текста на иностранном языке» деген ойын алға тартады [1]. Әрине, біз де бұл пікірлерге қосыла отырып, мәтінмен тиімді жұмыс істеу үшін өте үлкен дайындықтың қажет екендігін баса айтқымыз келеді. Бұл жұмыс жүйелі түрде іске асуы керек, оқытушы тарапынан үздік әдістеме және үлкен шеберлік талап етіледі. Студенттің ауызша сөйлеу дағдысын қалыптастыру үшін ұсынылатын мәтіндер белгілі бір талаптарға жауап беруі тиіс:

– біріншіден, үйренушілердің талап-тілектері мен қызығушылықтарын қанағаттандыра білуі керек, яғни мәтінде жаңа да қызықты мәліметтер болғаны жөн;

– екіншіден, үйренушілердің болашақ мамандығы мен кәсіби қызығушылықтары ескерілуі тиіс (кәсіби бағыттылық олардың пәнге деген қызығушылығын арттырады);

– үшіншіден, мәтін мазмұны ұсынылған тақырыпқа сай және нақты коммуникативті міндетті шешуге бағытталған болуы керек;

– төртіншіден, кәсіби-бағдарлы қазақ тілін үйретуде оның социомәдени аспектісіне ерекше мән беру керек, яғни студенттерге лингвоелтанимдық және елтанимдық (қазақ елінің тарихи және мәдени даму кезеңдері, сөйлеу әдебі, тұрмысы мен дәстүрі, ұлттық мінез ерекшеліктері) білімді барынша дарыта білуіміз керек.

Сонымен, мәтін тандауда студенттердің коммуникативтік және когнитивтік қажеттіліктерін барынша ескеру керек. Мәтіннің көлемі мен деңгейі студенттердің қазақ тілін білу, сөйлеу деңгейіне сай болғаны жөн. Оның мазмұны студенттердің кәсіби қызығушылықтарын қанағаттандыра білуі керек, онда болашақ кәсіби қызметтің барлық салалары, кәсіби жағдаяттар көрініс тапқаны жөн.

Мәтінді оқу барысында әртүрлі сөйлеу жағдаяттарын тудыруға болады. Мәтінмен жұмыс істеудің дәстүрлі әдістемесіне көз жүгіртсек, мынадай жаттығуларды көбірек кездестіреміз: мәтінді оқу, оны аудару, мәтін бойынша сұрақтарға жауап беру, мәтін бойынша жоспар құрастыру, мәтін мазмұнын айту. Әрине бұл жаттығулардың тілдік тұрғыдан алғанда маңызы өте зор екендігін біз жоққа шығара алмаймыз, алайда сөйлеу әрекетін тудыруда олардың тиімділігінің аз екендігін мойындауымыз керек. Нәтижесінде үйренушілер үшін әртүрлі жағдаяттарда қазақ тілінде сөйлеу қажеттілігі туындағанда олар сөйлеу барысында қиындықтарға ұрынады, айтуға сөз таба алмай, әңгімелесуден

де бас тартуы мүмкін. Сондықтан да мәтінмен жұмыс істеу арқылы тиімді нәтижеге жету үшін студенттің сөйлеу дағдысы мен шеберлігін қалыптастыруға бағытталған арнайы жаттығулар жүйесі қажет. Әдетте зерттеушілер мәтінмен жұмыс істеудің үш кезеңін ұсынады. Осы орайда Қуимова М. В. төрт кезеңді ұсынады. Оның ең біріншісі оқылымның түріне нұсқау түрінде келеді [2].

Кез келген мәтінді оқыту мәтінге дейінгі жаттығулармен басталады. Бұл жаттығулар мәтінді қабылдауға қажетті лингвистикалық және жағдаяттық атмосфера тудырады. Олар мәтінді оқу барысында тілдік қиындықтарды жеңу үшін, мәтінде көтерілген проблеманы анықтай білуге бағытталған. Міне, олардың бірнешеуі:

а) мына кілт сөздер мен сөз тіркестерін оқып, мәтіннің тақырыбын анықтаңыз;

ә) берілген сөйлемдерді логикалық бірізділікпен орналастырыңыз;

б) мына үзіндіні оқып, қарамен белгіленген сөздердің мағынасын анықтаңыз;

в) мәтінді үш бөлікке бөліңіз (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды).

Мәтінді оқу кезінде орындалатын жаттығулар мәтінді мағыналық бөліктерге бөліп, жекелеген фактілерді, олардың арасындағы мағыналық байланысты анықтауға бағытталған.

а) бірінші параграфты оқыңыз, негізгі ақпаратты жеткізетін сөйлемді табыңыз;

ә) ... сипаттайтын сөйлемдерді таңдаңыз;

б) ... туралы айтылатын параграфты көрсетіңіз;

в) ... туралы айтатын негізгі (кілт сөздер) фактілерді табыңыз;

г) ... сипаттайтын /жоққа шығаратын/ мақұлдайтын фактілерді табыңыз;

д) ... туралы келесі идеяны түсіндіріңіз;

е) мәтінде көтерілген проблеманы анықтаңыз.

Мәтіннен кейінгі жаттығулар оқылған мәтіннің негізгі мазмұнын түсінуді қамтамасыз етуге, оқылған нәрсеге сыни көзқарас таныта білу шеберлігін дамытуға бағытталған. Оларға мынадай тапсырмалар жатады:

а) мына сұрақтарға жауап беріңіз;

ә) бұл мәтіндегі таң қалдырған/жаңа/маңызды адам есімі туралы ақпарат беріңіз;

б) мәтінге берілген суретке түсініктеме беріңіз;

в) мына мәлімдемелерді толықтырыңыз;

г) мәтіннің негізгі идеясымен байланысты проблемаларды атаңыз.

Сонымен, кәсіби-бағдарлы оқытуда мәтіндерді негізге алған жөн. Студенттің кәсіби бағытта сөйлеу тілін қалыптастыру, әртүрлі кәсіби, іскери жағдаяттарда әңгіме жүргізуге, өзіндік ой-пікір танытуға дағдыландыру үшін мәтіндермен жұмыс істеудің маңызы өте зор. Әрине, ең алдымен, мәтіннің мазмұны кәсіби бағытқа сай келуі керек. Сондай-ақ мәтінді коммуникативті мақсатта меңгертудің арнайы үздік әдістемесі болғаны абзал. Жоғарыда қарастырылған жаттығулар жүйесі осындай әдістеменің бір нұсқасы ғана. Бұл жүйе студентке болашақ мамандығы бойынша ақпарат алмасуға, қазақ тілінде еркін қарым-қатынас жасай білуге, кәсіби тұлғалық қасиеттерін қалыптастыруға септігін тигізеді.

Пайдаланған әдебиет

1. Джандар Б. М. Текст как основа для формирования устной связной речи // Вестник Адыгейского государственного университета. Серия 3: Педагогика и психология. 2012. № 1. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/tekst-kak-osnova-dlya-formirovaniya-ustnoy-svyaznoy-rechi>.
2. Куимова М. В. Иноязычный письменный текст как основа обучения устной профессионально-ориентированной речи студентов лингвистических специальностей / М. В. Куимова, Н. А. Кобзева // Молодой ученый. – 2011. – № 3. Т.2. – С. 19–21.
3. Чичерина Ю. В. Текст как основа коммуникативной деятельности на иностранном языке // Известия РГПУ им. А. И. Герцена. 2009. № 112. URL: <http://cyberleninka.ru/article/n/tekst-kak-osnova-kommunikativnoy-deyatelnosti-na-inostrannom-yazyke>.

Ә. ТӘЖІБАЕВ ШЫҒАРМАЛАРЫН АҒЫЛШЫН САБАҒЫНДА ОҚЫТУ МҮМКІНДІГІ

Г. К. Джукушева

Қ. Мұхамеджанов атындағы № 1 мектеп-гимназиясы,
Қызылорда қаласы, Қазақстан

Summary. In this article a question is examined about the use of regional component on the lessons of English Offered methodical possibilities of study of work of A. Tazhibaeva as method of forming communicative competence of students. Work of A. Tazhibaeva assists development of personality qualities.

Key words: regional component; development of personality qualities; work of A. Tazhibaeva; communicative competence.

Орта мектепте білім берудің дидактикалық принциптерін сақтай отырып Қазақстан Республикасының стратегиялық даму басымдықтарын жүзеге асыру арқылы білімнің барлық

буынында оқушы тұлғасының бәсекеге қабілеттілігін оқыту мен тәрбие үдерісінің шығармашылыққа бағдарлауды қамтамасыз етуге жағдай туады. Білім беру барысында дидактикалық принциптердің жүзеге асырылуы негізінде баланың жалпы дамуын қамтамасыз ету мәселесі өлкетану бағдарламасымен жүзеге аспақ. Білім беру үдерісінің бағдарламасы бойынша *өлкетану принципін басшылыққа ала отырып*, ағылшын тілі пәнінде жергілікті материалдармен байланыстыра оқыту арқылы оқушының коммуникативтік құзіреттілігін қалыптастыру барысында отаншылдыққа тәрбиелеу мақсаты көзделген. Олар баланың жеке тұлғалық іс-әрекетінің әлеуметтік тарихи ортамен өзіндік психологиялық және педагогикалық сабақтастықта үш тілділік сауаттылығын дамуын қамтамасыз етеді. Еліміздің тілдік саясаты негізінде орта мектепте оқытудың мақсаты мен білім мазмұны оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар мұғалім мен оқушының іскерлік бірлестікте білім мазмұнын кеңейтуді шығармашылықпен ізденушілікте жүргізілуде. Мысалы, Қызылорда қаласының Қ. Мұхамеджанов атындағы № 1 мектеп-гимназиясының 11 сынып оқушыларымен ағылшын пәні сабағында еліміздің кемеңгер тұлғасы Әбілда Тәжібаевтың шығармашылығын зерттеуге арналған жұмыстары нәтижелі болды. Ағылшын тілі сабағына қазақ орта мектебінің оқушыларының прогматикалық қызығушылығы арқылы коммуникативтік құзіреттілікті дамытуға ықпалының ерекшелігі айқындалды. Қызылорда облысының ақын-жазушылары ағылшын тілі оқу бағдарламасына енгізілмеген, әйтсе де жоғары сынып оқушыларының өзіндік ынта-ықыласының зор ықпалы арқылы жасалған шығармашылық жұмысты қазақ әдебиеті, өлке тарихы және ағылшын тілі сабағында пәнаралық байланыста сабақтан тыс жұмысының нәтижесі пән мұғалімінің педагогикалық іс-әрекетінің оқушы-мұғалім серіктестігінің маңызын айқындайды. Мұғалімнің әдістемелік бағыты жоғары сынып оқушыларының тұлғалық көшбасшылық қабілеттерін, қазақ-орыс-ағылшын тілдік дайындықтарын дамытуға педагогикалық және психологиялық факторлардың ықпалдастығы арқылы жүргізілді.

Оқушылар Ә. Тәжібаевтың өмірдеректерін қазақ тілінде сұрыптау арқылы ағылшын тілінде аударма дайындауда салыстырмалы грамматикалық оқыту әдісінің тиімділігін көрсете білді. Аударманы мұғалім тексеріп, оқушыларға қатемен жұмысты ұсынады. Егер оқушы қатені таба білсе немесе қатенің бар/жоқтығын дәлелдей білсе ағылшын тілінің грамматикасын

меңгертуде жүргізілген күрделендірілген жаттығудың бір түрінің практикалық құндылығы айқындалады. Оқушыларға салыстырмалы грамматиканың ерекшеліктерін түсіндіруде таблицалық кескіндемені пайдалану зейін мен логикалық ойлау қабілеттіліктерін дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы.

№	Қазақ тілінде	Ағылшын тілінде
1	Әбділда Тәжібаев – ақын, драматург, әдебиет зерттеуші ғалым.	A. Tazhibaev – poet, dramatist, researcher of literature, scientist
2	Ол 1909 жылы Қызылорда қаласында дүниеге келген	He was born in 1909 in Kyzylorda
3	Ә. Тәжібаев поэзияда лирика мен поэма жанрын дамытқан	A. Tazhibaev – developed the genres of lyric poetry and poem in a poetry

Бұл жерде талдауға ұсынылатын деректік сөйлемдер саны шектеулі болуы міндетті, сөйлемдерге лексикалық-грамматикалық талдау жүргізіледі сабақ хронометражын тиімді пайдалану мақсатында 3–5 мысал жеткілікті; себебі оқушылардың аналитикалық ойлау қабілеті мен грамматикалық дайындық деңгейін назарда ұстау арқылы мұғалім оқушының психоэмоционалдық қалпын басқарады.

Ағылшын тілінде диалог жүргізуге машықтандыруға бағытталған жаттығуға Ә. Тәжібаевтың өмірбаяны мен шығармашылығынан әр оқушы бір-бірінен қайталанбайтын ақпараттық сөйлем дайындайды. Мұғалім мен оқушылар айтылым деңгейінің сапасына ерекше мән бере отырып айтушы-оқушыға сұрақ қояды. Сын есім мен сан есімдердің грамматикалық ерекшеліктері оқушылардың ұсынған мысал-сөйлемдерінен алынады, себебі мұл әдіс арқылы ағылшын тілінде оқушының ситуативтік сөйлеу мәдениетін қалыптастырады. Бұл жаттығудың практикалық құндылығы мәтінмен жұмыс жүргізу кезінде индивидуалдық даярлықтың оқылым мен айтылымның зейінмен байланыстылығын оқушының өз тарапынан айқындауымен ерекшеленетінінде, яғни мұғалім жоғары сынып оқушысын өзіндік жұмысына сыни тұрғыдан баға беруге машықтандырады. Сұрақ та, жауап та қарапайым болған жағдайда оқушының өз-өзіне сенімі күшейіп, сабаққа деген ынтасы артады.

Ағылшын сабағында пәнаралық байланыс пен өлке тану принциптерін тиімді пайдалану әрбір оқушыны отаншылдыққа, ана тілін жете меңгере отырып, өз жерлестерінің ірі тұлғаларын

үлгі-өнеге тұтуға, олардың шығармаларын ағылшын тіліне аударма жасауға бейімдеу жаттығулары арқылы білім сапасын қамтамасыз ету жолдары айқындалды.

Пайдаланылған әдебиеттер

1. Ахмедиева А. Т. Шет тілі сабағында оқушыларды шығармашылыққа тәрбиелеу // Ағылшын тілі мектепте. – 2011. – № 1. – 32 б.
2. Джамилова Г. Обучение английскому языку через образное представление материала // Иностраный язык в школе. – 2007. – № 6.
3. Жасыбаева А. Ағылшын тілі сабағында жүргізілетін жазба жұмыстарының түрлері // Ағылшын тілі мектепте. – 2010. – № 6. – 43 б.
4. Жолдыбаева Г. Коммуникативті оқыту технологиясының теория және практика тұрғысынан жүзеге асыруы // Ағылшын тілі мектепте. – 2008. – № 3. – 15–19 б.

ӨНІРЛІК КОМПОНЕНТТІҢ БАСТАУЫШ МЕКТЕП ОҚУШЫЛАРЫНЫҢ ЗЕРТТЕУШІЛІК ҚАБІЛЕТТІЛІКТЕРІН ҚАЛЫПТАСТЫРУҒА БЫҚПАЛЫ

М. Б. Умиралиева, А. А. Байқуанышева,
Қ. К. Ахметқалиева

Қ. Мұхамеджанов атындағы № 1 мектеп-гимназия,
Қызылорда қаласы, Қазақстан

Summary. The authors suggest the organization of research activities of students on the material of the poem the poet Kyzylorda A. Tazhibaeva. Using information and communication technologies and interactive methods provide favorable psychological and pedagogical conditions for organizing research activities of students.

Key words: regional component; research students; the learning process of primary school; information and communication technology; interactive teaching methods.

Бастауыш мектепте оқыту үдерісінде оқушыларға зерттеу іс-әрекетін игертуді – баланың қоршаған ортасын танып білуге деген психофизиологиялық ынтасы негізінде құрылған оқытудың негізгі тәсілі деп қарауға болады.

Бастауыш сынып оқушыларын зерттеушілік әрекетке баулудың негізгі мақсаты – оқушының өз бетімен шығармашылық жаңа іс-әрекет тәсілдерін игеруге дайындығы мен қабілетін қалыптастыру.

Ғалымдардың педагогикалық, психологиялық тұжырымдарын және ғылыми әдебиеттерді талдау барысында зерттеушілік іс-әрекетке ынталандыру ұғымдарының мәнін ашып, соның негізінде танымдық іс-әрекеттің шығармашылық іс-әрекетке ұласу үдерісін, зерттеушілік үдерістің ішкі механизмін тереңірек меңгеру арқылы

